ЗАҢ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№11 | 2026

ZANMEDIA.KZ

Альфия МОЛДАЗАКИРОВА, член президиума Республиканской коллегии адвокатов, адвокат коллегии области Жетісу

ДИНАСТИЯ АДВОКАТОВ

3-стр.

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№11 | 2026

МЕНШІК ИЕСІ:
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А. АХПАНОВ,
з.ғ.д., профессор
К. АЙТХОЖИН,
д.ю.н., профессор
Е. ӘБДІРАСҰЛОВ,
з.ғ.д., профессор
Б. БОРУБАШЕВ, з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)
К. МАУЛЕНОВ,
з.ғ.д., профессор
С. СӘБІКЕНОВ,
з.ғ.д., профессор
Қ. ДОСАЛИЕВ,
з.ғ.д., профессор
В. ШУМИЛОВ,
Ресейлік Ішкі сауда
академиясында кафедра
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор,

РЕДАКТОРЫ
Түймегүл ИБАШЕВА

М А З М Ұ Н Ы

Династия адвокатов
К.ДАУРЕНБЕКОВ 3

Зейнетақы алудағы өзекті мәселелер
Ж. ИМАНҒАЗИЕВА 7

Сот процесіне қатысушылардың әдебі
М. ҚЫЗЫЛОВ, Е. СЕРІМОВ, А. ҚЫЗЫЛОВ 13

Тарихи кезеңдегі даму кепілдері
А. МАТИБАЕВА 18

Договорных отношения и административные процедуры при цифровизации
Т. АБАЙДЕЛЬДИНОВ, Ж. АСАНӘЛІ 22

Ашықтық – ӘРПК-нің маңызын арттырады
Б. ШАНКЕРЕЕВ 27

Цифрлық дамудың құқықтық негізі
Ж. КАРАШЕВА 29

Цифрлық деректерді қорғау
А. ШОЙБЕКОВ 31

Жер қатынастарынан туындайтын даулар
С. КУСЕМБАЕВА 33

Примирительные процедуры в административном судопроизводстве: проблемы и перспективы
Ұ. ҚАЖЫКЕН 36

Отандық заңнаманың дамуы
Ж. МУХАМЕТОВА 40

Конституциясы мықты елдің соты пәрменді
А. ДЖУНДИБАЕВА 43

Когда правосудие выходит за пределы одного государства
Г. САТБАЕВА 46

Сот ғимараттарына кіріп-шығу тәртібі
А. МАКУЛОВ 49

ДИНАСТИЯ АДВОКАТОВ



ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ И НАСТАВЛЕНИЕ ОТЦА СТАЛИ ОПРЕДЕЛЯЮЩИМ ФАКТОРОМ В ВЫБОРЕ ПРОФЕССИИ ЮРИСТА И РАБОТЫ В АДВОКАТУРЕ У МОЛДАЗАКИРОВОЙ АЛЬФИИ АБДЫКАДЫРОВНЫ.

Более полвека связывает фамилия Молдазакирова адвокатурой области Жетісу Республики Казахстан. В июле месяца 2026 года адвокаты коллегии адвокатов области выдвинули кандидатуру Молдазакировой Альфии Абдыкадыровны на пост председателя президиума областной коллегии адвокатов и большинством голосов выбрали ее на эту должность. Это была не случайность. Альфия Абдыкадыровна среди адвокатов отличалась умением работать с людьми и способностью организовать и руководить коллективом.

Конечно, профессиональным приемам можно научиться, чтобы стать хорошим специалистом. Но у Альфии эти качества передались от ее отца Молдазакирова Абдыкадыра Юсуповича.

Молдазакиров Абдыкадыр Юсупович после окончания юридического факультета КазГУ в 1975 году поступил на работу в адвокатуру области Талдыкорган. Он долгие годы руководил коллегией адвокатов области, был заведующим юридической консультацией, а затем заместителем председателя областной коллегии адвокатов.

Сотрудники, которые работали в то время с ним в адвокатуре, правоохранительных, судебных органах и прокуратуры до сих пор отзываются о нем как о высокопрофессиональном юристе, честным и принципиальным адвокатом и как человека с большой буквы, имеющий высокий авторитет среди юристов области. Именно он направил дочь, чтобы получила юридическое образование и работала в адвокатуре. По его совету Альфия поступила в юридический факультет Казахского государственного университета.

После окончания университета в 1995 году она начала работать в суде секретарем судебного заседания также по указанию отца. Отец знал, чтобы освоить судебную систему и тонкости отправления правосудия, нужно начинать снизу. Работая секретарем судебного заседания, Альфия осваивала практический опыт, сделала выводы для себя, какие задачи стоят перед государственным обвинителем и какие задачи стоят перед защитником, чем может руководствоваться судья при вынесении приговора. Как можно выйти иногда из очень сложной и







запутанной ситуации и при этом не навредить положению своего подзащитного.

Эти трудности Альфия научилась преодолевать благодаря своим качественным знаниям, отточенным в стенах университета, и набранному практическому опыту.

В 1996 году она была принята стажером адвоката в Талдыкурганскую областную коллегию, сдав аттестацию, стала адвокатом Юридической консультации г. Талдыкорган и быстро заслужила авторитет среди своих коллег. Вскоре в 2012 году была назначена заведующей юридической консультацией г. Талдыкорган. В 2013 году ее избрали заместителем председателя президиума коллегии области Жетісу.

За время работы коллеги замечали и ее высокую трудоспособность. Она никогда не отказывала и не



увиливала от сложных и простых дел, считая, что каждое из них пополнит ее копилку практических знаний. Все, кто знал и работал с А.Молдазакировой, отмечали ее активную жизненную позицию, ответственность и умение работать со своими коллегами, а также во время осуществления защиты своего подзащитного на стадии досудебного разбирательства, в судах первой и вышестоящих судебных инстанциях.

Главными принципами за время адвокатской деятельности она считала «Правосудие – это не только знание закона, но и способность вести перед собой ЧЕЛОВЕКА. Человек не может преобразовываться, но может изменить свои взгляды на жизнь. Именно это она пыталась донести до своего клиента и другим участникам процесса при оказании им правовой помощи.

За время работы в адвокатуре она была награждена многочисленными похвальными грамотами, благодарственными письмами и нагрудным знаком. В 2020 году награждена Республиканской коллегией адвокатов медалью «Кәсіпқойлығы үшін». Указом Президента РК Қасым-Жомарт Кемелевича Токаева от 04.12.2024 года награждена медалью «Ерен еңбегі үшін».

С 2022 года Альфия Молдазакирова является членом президиума Республиканской коллегии адвокатов, которая занимает ключевое место в правовом поле страны, являясь высшим органом адвокатского самоуправления.

Жизненный путь Молдазакировой Альфии Абдыкадыровны является примером преданности своему делу, высокой ответственности, честности и безупречного служения обществу.

Адвокаты коллегии области Жетісу желают ей долгих лет жизни, семейного счастья и дальнейшего процветания, достижения новых высот в своей работе. Она является одним из известных представителей казахстанской адвокатуры.

Кожаберген ДАУРЕНБЕКОВ,
адвокат коллегии
адвокатов области Жетісу

ЗЕЙНЕТАҚЫ АЛУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР



Жансая ИМАНҒАЗИЕВА,
Қазақстан Республикасы
Бас прокурорының аға көмекшісі,
аға әділет кеңесшісі
Прокуратураның Құрметті қызметкері
заң ғылымдарының кандидаты

ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫ АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. ОЛ АДАМНЫҢ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІН АЯҚТАҒАННАН КЕЙІНГІ МАТЕРИАЛДЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫМЕН ҒАНА ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ОНЫҢ ЕҢБЕГІН, ӨМІР ЖОЛЫН ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР СҮРУ ҚҰҚЫҒЫН МОЙЫНДАУМЕН ДЕ БАЙЛАНЫСТЫ. КӨПТЕГЕН АДАМДАР ҮШІН ЗЕЙНЕТАҚЫ НЕГІЗГІ, АЛ КЕЙБІР ЖАҒДАЙЛАРДА КҮНКӨРІСТІҢ ЖАЛҒЫЗ КӨЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Сондықтан, зейнетақыны тағайындау, төлеу, тоқтата тұру және тоқтату мәселелері заңнамада белгіленген рәсімдерді формалды түрде сақтаумен ғана шектелмей, әрбір азаматтың нақты өмірлік жағдайларын ескере отырып шешілуге тиіс.

Республика Конституциясының 31-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасы азаматына жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне кепілдік берілетіні, сондай-ақ, жасына, науқастануына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыру қамтамасыз етілетіні бекітілген. Бұл норма мемлекеттің әлеуметтік бағдарын айқындап, тиісті құқықтарды іске асыру үшін қажетті құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау міндетін жүктейді.

Сонымен қатар, зейнетақымен қамсыздандырудың конституциялық кепілдігі теңдік, әділдік, адам қадір-қасиетін құрметтеу және әркімнің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қағидаттарымен өзара байланыста қарастырылуға тиіс.

Конституциялық зейнетақы алу құқығы әрбір адам мән-жайларға қарамастан зейнетақының кез келген түрін алады дегенді білдірмейді. Заң шығарушы зейнетақыны тағайындаудың негіздері мен шарттарын, оның мөлшерін, еңбек өтіліне және зейнетақы жинақтарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ, азаматтардың жекелеген санаттарын зейнетақымен қамсыздандыру ерекшеліктерін айқындайды.

Мемлекет тиісті талаптарды белгілеген кезде конституциялық кепілдіктің мәнін сақтауға, құқықтарды негізсіз шектеуге жол бермеуге және жария мүдделер мен адам құқықтарының арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдікті қамтамасыз етуге міндетті.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі. Ол мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін төлемдерді, сондай-ақ, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың ерекшеліктерін қоса алғанда, зейнетақы төлемдерін тағайындау мен жүзеге асырудың шарттарын айқындайды. Құқықтық реттеу зейнетақы алу құқығының туындауымен ғана шектелмейді, оған қайта есептеу, төлеуді тоқтата тұру және қайта бастау мәселелері де кіреді. Қажетті мән-жайларды растау мен тиісті шешімдер қабылдау рәсімдерін белгілейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер де маңызды рөл атқарады.

Сонымен бірге заңнаманы іс жүзінде қолдану барысында жекелеген нормаларды формалды түсіндіру, құқықтық реттеудің өзара үйлеспеуі немесе артық әкімшілік талаптар азаматтардың құқықтарын шектеуге әкелетін жағдайлар кездеседі. Мұндай кезде заңдылық қағидаты белгіленген рәсімді сақтауды ғана емес, қабылданған шешімнің Конституцияға сәйкестігін, оның жеткілікті құқықтық негізінің болуын және адамға заңда көзделмеген міндеттер мен шектеулердің жүктелмеуін бағалауды да талап етеді.

Бұл мәселелер мемлекеттік органдар қызметінде адамға бағдарланған тәсілдің дамуы жағдайында ерекше өзектілікке ие болады. Адамға бағдарланған тәсіл құқық қолдану қызметінің орталығында әкімшілік рәсімнің өзі емес, адамның, оның құқықтары, заңды мүдделері мен нақты өмірлік жағдайы тұруға тиіс екенін білдіреді. Зейнетақымен қамсыздандыру саласында бұл мемлекеттік органдардың шешімдері түсінікті, негізделген және болжамды болуын, ал азаматтың мемлекеттік жұмысты ұйымдастырудағы қателіктердің немесе құқықтық айқынсыздықтың теріс салдарын көтермеуін көздейді. Егер заңда зейнетақы алу шарттары белгіленсе, мемлекеттік орган олардың тізбесін өз бетінше кеңейтуге, заң талаптарын ведомстволық қағидалармен алмастыруға немесе заңда тікелей көзделмеген негіздер бойынша төлемдерді тоқтатуға құқылы емес.

Осындай конституциялық тепе-теңдікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының қызметі ерекше маңызға ие. Оның рөлі нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексерумен ғана шектелмейді. Конституциялық бақылау арқылы ескеруге міндетті құқықтық ұстанымдар қалыптастырылады.

Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары жалпыға бірдей міндетті, тікелей қолданылады және өзге мемлекеттік органдар тарапынан растауды талап етпейді. Олар құқықтық норма-

лардың Конституцияға сәйкес келетін мағынасын айқындап, біркелкі қолдануды қамтамасыз етуімен маңызды. Сондықтан нормативтік қаулының қабылдануын адам құқықтарын қорғау жұмысының аяқталуы ретінде қарастыруға болмайды. Керісінше, оны қабылдағаннан кейін қалыптастырылған құқықтық ұстанымды заңнамада, әкімшілік және сот практикасында дәйекті түрде іске асыру міндеті туындайды.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы маңызды мысалдардың бірі – Б.Б.-ның өтініші бойынша қабылданған Конституциялық Соттың 2023 жылғы 27 наурыздағы №5 нормативтік қаулысы. Қарау нысанасы құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлеуге қатысты заңнама нормалары болды. Өтініш берушіге қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін, атап айтқанда, ол арнайы атағынан айырылған соң, зейнетақы төлеу тоқтатылған. Алайда заңнамада мұндай негіз бойынша бұрын тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыны тоқтатуды тікелей көздейтін норма болмаған.

Конституциялық Сот арнайы атақтан айырудың өзі, егер заңда тікелей көзделмесе, зейнетақы төлемдерін тоқтатуға негіз бола алмайтынын атап өтті. Нәтижесінде, даулы ережелер Конституцияға сәйкес деп танылды, бірақ, зейнетақы төлемдерін тоқтату зейнетақымен қамсыздандыруды реттейтін заңнамада тікелей көзделген жағдайларда ғана жол берілетіні туралы конституциялық-құқықтық түсіндірумен ұштастырылды.

Бұл нормативтік қаулының маңызы бұрыннан туындаған зейнетақы алу құқығын мемлекеттік органның заңды кеңейтіп түсіндіру арқылы шектеуге болмайтынын бекітуінде. Айыптау үкімінің болуы және адамның құқықтық мәртебесінің өзгеруі уәкілетті органды төлемдерді тоқтатудың нақты заңнамалық негізін анықтау міндетінен босатпайды. Осылайша, Конституциялық Сот адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың құқықтық салдарын оның зейнетақымен қамсыздандыру құқығын іске асыру шарттарынан ажыратты.

Осы құқықтық ұстанымның іс жүзінде іске асырылуы оның конституциялық іс жүргізуге негіз болған нақты істің шеңберінен әлдеқайда кең маңызға ие екенін көрсетті. Нормативтік қаулы қабылданғаннан кейін Б.Б.-ның ісі сот актісі жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралды.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 27 шілдедегі қаулысымен оның өтініші қанағаттандырылды. Азаматқа зейнетақы төлеу тоқтатылған кезең үшін төленбеген барлық сома - 2 миллионнан астам қаражат аударылды және ай сайын төленетін зейнетақы мөлшері белгіленді.

Прокуратура органдары осы мәселеге қатысты тәжірибеге талдау жүргізу барысында Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Абай облысында осындай фактілер орын алғанын анықтады. Прокурорлық ден қою шаралары қабылданғаннан кейін тиісті жағдайларда Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымы қолданылып, азаматтардың зейнетақы құқықтары қалпына келтірілді. Жалпы, бес зейнеткердің пайдасына зейнетақы төлемдері заңсыз тоқтатылған кезең үшін 20 миллион теңгеден астам берешек төленді.

Бұл нәтижелер конституциялық бақылаудың қалыптастырылған құқықтық ұстаным қате шешімдерді қайта қарауға және азаматтардың мүліктік құқықтарын қалпына келтіруге негіз болған кезде нақты мазмұнға ие болатынын көрсетеді. Бұл жағдайда мәселе құқық қолдану практикасындағы кемшіліктерді жоюмен ғана шектелмейді, сонымен қатар азаматтарға заңды түрде тиесілі ақшалай қаражатты қайтаруды да қамтиды.

Зейнетақы құқықтарын конституциялық қорғаудың тағы бір маңызды қыры азаматтың тұрғылықты жеріне байланысты. Қазіргі жағдайда еңбек көші-қоны, отбасылардың қайта қосылуы және басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға көшу әлеуметтік құқықтарды іске асыру заңда белгіленген талаптардың туындауына тікелей қатысы жоқ мән-жайларға тәуелді болмайтындай құқықтық реттеуді қажет етеді.

Бұл мәселе Конституциялық Соттың 2026 жылғы 18 мамырдағы №79 нормативтік қаулысында принципті құқықтық бағасын алды. Сот Әлеуметтік кодекстің және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының тиісті ережелерін қарады. Тексеруге ел аумағында тұрақты тұруы, аталған төлемдерді алу құқығын



іске асырудың міндетті шарты ретінде белгілеуге жол берілетіндігі туралы мәселе негіз болды.

Конституциялық Сот Қазақстан азаматының жасына байланысты зейнетақымен қамсыздандыру құқығы оның тұрақты тұратын жеріне ғана тәуелді болмауға тиіс екенін негізге алды. Егер заңда көзделген өзге талаптар сақталса, азаматтың шетелге шығуының өзі тиісті зейнетақы төлемдерін алу құқығын тоқтатпайды. Сот даулы ережелерді Қазақстан азаматтарынан мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау мен алу үшін ел аумағында тұрақты тұруды талап етуге жол бермейтін конституциялық-құқықтық түсіндіруде Конституцияға сәйкес деп таныды.

Бұл құқықтық ұстаным теңдік және жүріп-тұру бостандығы жөніндегі конституциялық кепілдіктер тұрғысынан ерекше маңызға ие. Зейнетақы алу құқығының заңда белгіленген шарттарын орындаған азамат заңнамада мұндай салдар тікелей көзделмесе, шетелге көшкені үшін ғана осы құқығынан айырылмауға тиіс. Керісінше, көзқарас

бір конституциялық құқықты – елден еркін шығу құқығын іске асыру басқа бір әлеуметтік құқықты негізсіз шектеуге әкелетін жағдай туғызар еді.

№79-НҚ нормативтік қаулысының орындалу практикасы анықталған бұзушылықтарға прокурорлардың дәйекті ден қоюының маңызын растайды. Мәселен, Жетісу облысының прокуратурасы Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткен кезде Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтаған азаматтарға зейнетақы төлемдерін тоқтату фактісі бойынша, енгізілген ұсынуды қарау нәтижесімен Г.Р.-ның құқықтары қалпына келтірілді. Оның төлемдері 2023 жылғы 13 маусымда шетелге тұрақты тұруға кеткені туралы мәліметтер ақпараттық жүйеге түскеннен кейін, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тоқтатылған болатын.

2026 жылғы 13 тамызда уәкілетті орган төлемдерді 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қайта бастау туралы шешім қабылдады. Азаматшаға зейнетақы төлеу тоқтатылған бүкіл кезең үшін 2 миллионнан астам теңге берешек төленді. Қазіргі уақытта зейнетақы төлемдері жалғасуда.

Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы Конституциялық Соттың аталған нормативтік қаулысы бойынша жолданым субъектісінің құқығын қорғау мақсатында, бұл мәселені бақылауға алған. Істі қарау нәтижесінде сот алқасының 2026 жылғы 18 маусымдағы қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылып, Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымы ескеріле отырып, талап қою қанағаттандырылды. Осылайша, конституциялық-құқықтық түсіндіру нақты дауды шешу барысында тікелей қолданылды.

Зейнетақы төлемдерін тағайындау мен тоқтату мәселелерімен қатар әскери қызмет өткерген адамдарды зейнетақымен қамсыздандыруда ерекше назар аударуды қажет етеді. Әскери қызметтің ерекшелігі оны өткеруге, әскери қызметте болудың шекті жасына, қызметтен босату негіздеріне және зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты арнайы талаптарды белгілейді. Алайда әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері жалпы конституциялық кепілдіктердің қолданылуын жоққа шығармайды. Керісінше, құқықтық реттеу неғұрлым күрделі болған сайын, оның айқындылығын қамтамасыз ету және құқықтарды негізсіз шектеуге жол бермеу соғұрлым маңызды.

Бұл мәселелер А.Р.-дың өтініші бойынша қабылданған Конституциялық Соттың 2025 жылғы 24 қаңтардағы №62-НҚ нормативтік қаулысында көрініс тапты. Сот әскери қызмет туралы заңнаманың бірқатар ережелерін, оның ішінде әскери қызметшінің қылмыстық қудалауға байланысты командирдің қарамағында болған кезеңде әскери лауазымда қызмет атқармауына қатысты нормаңы тексерді. Конституциялық Сот аталған мән-жайдың өзі әскери қызметте болудың шекті жасын ұлғайтуға немесе әскери қызмет мерзімін ұзартуға негіз болмайтынын түсіндірді. Шекті жасқа толғаннан кейін қызметті жалғастыруға заңда көзделген жағдайларда ғана жол беріледі, ал өзге жағдайларда бұл әскери қызметшінің еркін білдіруінсіз жүзеге асырылмауға тиіс.

Сонымен қатар Сот әскери лауазымдарда қызмет атқармаған кезеңде әскери қызметшілерге ақшалай ризық төлеуді шектеген ведомстволық қағидалардың жекелеген ережелерін Конституцияға сәйкес келмейді деп таныды. Мұндай шектеулерді заңға тәуелді актімен белгілеу конституциялық талаптарға сай келмейді, өйткені құқықтарды шектеудің тиісті заңнамалық негізі болуға тиіс.

Осы нормативтік қаулының орындалу практикасы Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымы нақты істерді қарау кезінде ескерілмесе, оны ресми түрде танудың өзі жеткіліксіз екенін айқын көрсетеді.

Конституциялық Сот шешімі қабылданғанына қарамастан, Семей гарнизонының әскери соты 2025 жылғы 1 сәуірдегі ұйғарымымен А.Р.-дың сот актісін жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартты.

Кейін кассациялық саты 2026 жылғы 9 ақпанда сот актілерінің күшін жойып, істі қайта қарауға жіберді. Кассациялық сот А.Р.-ды әскери бөлім командирінің қарамағына алу және кейіннен қызметтен босату заңдылығына Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымының ықпалын бағалау қажеттігін көрсетті. Істі қайта қарау кезінде 2026 жылғы 8 сәуірде Семей гарнизонының әскери соты 2023 жылғы 23 қарашадағы сот актілерін жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішті қанағаттандырды.

Кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымын ескере отырып, А.Р.-мен медиациялық

келісім жасасты. Келісімге сәйкес ведомство оны әскери қызметте болудың шекті жасына толуына байланысты әскери қызметтен босатуға, сондай-ақ, оны командирдің қарамағына алу және теріс себептер бойынша қызметтен босату туралы бұрын шығарылған бұйрықтардың күшін жоюға міндеттенді. 2026 жылғы 1 маусымда келісімді Семей гарнизонының әскери соты бекітті.

Нәтижесінде А.Р. ресми түрде зейнеткер атанды. Оған тұрғын үй төлемдері жүргізіліп, тиесілі зейнетақы төлемдері төленді және ай сайынғы зейнетақы тағайындалды.

Бұл мысал әскери қызметшілердің зейнетақы құқықтарын қорғау қызметтен босатудың немесе төлемдерді тағайындаудың формалды негіздерін тексерумен ғана шектелмеуге тиіс екенін көрсетеді. Қызметтен шекті жасқа толуына байланысты босату құқығының туындаған уақыты, қолбасшылық қабылдаған шешімдердің заңдылығы және тиісті нормаларды қолданудың салдары қоса алғанда, барлық мән-жайлардың жиынтығы бағалануы қажет. Бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарау кезінде Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымы міндетті түрде ескерілуге тиіс. Бұл талап даулы норма конституциялық емес деп танылмаған жағдайларда да қолданылады.

Зейнетақы құқықтарын конституциялық қорғаудың қазіргі заманғы сын-қатерлері заңнаманы және құқық қолдану практикасын үнемі жетілдіруді, құқықтық айқындықты қамтамасыз етуді және негізсіз шектеулерге жол бермеуді талап етеді. Бұл ретте қабылданатын шешімдердің заңнамаға формалды түрде сәйкестігін ғана емес, олардың адамның жағдайына нақты әсерін де ескеру маңызды. Төлемдерді уақытылы тағайындау, оларды тоқтату туралы шешімдердің негізділігі, бұрын жол берілген бұзушылықтардың салдарын жою және заңнаманы біркелкі қолдану зейнетақы алу құқығын тиімді қорғаудың өзара байланысты шарттары ретінде қарастырылуға тиіс.

Осылайша, Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын және олардың орындалу практикасын талдау өткізілген іс-шаралардың, дайындалған құжаттардың немесе қабылданған прокурорлық қадағалау актілерінің саны емес, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, құқықтық айқынсыздықты жою және осындай бұзушылықтардың болашақта қайталануына жол бермеу сияқты нақты нәтижелер шешуші мәнге ие.

Бұл жұмыста Конституциялық Сот пен прокуратура органдарының өзара іс-қимылы ерекше рөл атқарады. Конституциялық Сот құқықтық нормалардың Конституцияға сәйкес келетін мағынасын айқындайды, құқықтық реттеудегі қайшылықтарды анықтайды және міндетті құқықтық ұстанымдарды қалыптастырады.

Прокуратура органдары Конституция мен заңдарда жүктелген өкілеттіктерін іске асыра отырып, заңдылықтың сақталуына ықпал етеді, заңнаманы қолдану барысында жіберілген бұзушылықтарды анықтайды, прокурорлық ден қою шараларын қабылдайды және өз құзыреті шегінде азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Мұндай өзара іс-қимыл конституциялық бақылауды күнделікті құқық қолдану практикасымен байланыстырып, конституциялық кепілдіктердің пәрмеңділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Түптеп келгенде, зейнетақы құқықтарын қорғаудың тиімділігі адамның әлеуметтік жағдайына, бұрынғы қызмет орнына немесе тұрғылықты жеріне қарамастан, заңды, әділ әрі уақытылы шешімге сене алуымен айқындалады.

Әрбір құқықтық норманың және сот актісінің артында нақты адамның тағдыры тұр. Сондықтан мемлекеттің, Конституциялық Соттың және прокуратура органдарының міндеті заңның формалды түрде сақталуын қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Ең бастысы – адамның және азаматтың конституциялық құқықтарының өмірде нақты іске асырылуына қол жеткізу.

Конституцияның үстемдігін орнықтыруға, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтуға бағытталған адамға бағдарланған сот төрелігі мен құқық қолданудың мәні де осында.

СОТ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕБІ



ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕП СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ СОТ БИЛІГІНІҢ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН САҚТАУ, ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА СОТҚА ДЕГЕН ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ РЕСУРСҚА АЙНАЛАДЫ. СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІ АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ ШЕШІМДЕРІНІҢ ОБЪЕКТИВТІЛІГІН, ӘДІЛДІГІН ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ. АДАМ КӨБІНЕ СОТ ШЕШІМІН ТЕК ОНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ЕМЕС, ПРОЦЕСТІҢ ҚАЛАЙ ӨТКЕНІ, СУДЬЯНЫҢ ҚАЛАЙ СӨЙЛЕГЕНІ, ОҒАН ҚАЛАЙ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛГЕНІ БОЙЫНША БАҒАЛАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕП – ТЕК СЫРТҚЫ ФОРМА ЕМЕС, ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ МАЗМҰНДЫҚ БӨЛІГІ.

Сөзіміздің басында сот әдебі түсінігі, оның құрылымы жөнін айтпай кетуге болмайды. Сот әдебі сот ісін жүргізу барысында судьялардың, прокурорлардың, адвокаттардың, тараптар мен басқа да қатысушылардың құқықтық нормалармен және моральдық-этикалық талаптармен айқындалған мінез-құлық ережелерінің жиынтығынан тұрады.

Сот әдебін үш деңгейде қарастырамыз. Біріншіден, құқықтық деңгей: процессуалдық кодекстерде (АПК, ҚПК, ӘРПК, ӘҚБтК) бекітілген міндетті талаптар [9; 10]. Бұл деңгейде әдеп нормаларының бұзылуы процессуалдық жауаптылыққа әкеп соғады. Мысалы, Азаматтық процестік кодекстің 187-бабында сот отырысының тәртібі белгіленген [9, 187-бап]. Судья сот отырысы залына кірген кезде залдағы қатысып отырған адамдар орындарынан тұрады. Іске қатысатын адамдар судьяға «Құрметті сот» деп сөйлейді. Түсініктемелер мен айғақтар төрағалық етушінің рұқсатымен түрегеп тұрып беріледі.

Екіншіден, этикалық деңгей: судьялар, прокурорлар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодекстерінде көрсетілген моральдық нормалар [3; 6; 11; 12]. Бұл нормалар заңда тікелей көзделмеген, бірақ кәсіби қоғамдастықта міндетті деп танылған талаптар. Мысалы, судьяның процестік емес байланыстардан аулақ болуы, прокурордың сыпайылығы, адвокаттың ұстамдылығы. Үшінші тұсы – мәдени деңгей: жалпыадамзаттық және ұлттық мәдени дәстүрлерге негізделген коммуникативтік нормалар. Бұған сөйлеу мәдениеті, вербалды емес коммуникация, сыртқы келбет, интонация, ым-ишара жатады. Осыдан келіп, сот әдебінің негізгі мақсаты сот төрелігінің ашықтығын, әділдігін және беделін қамтамасыз ету деген түйін түйеміз.

Әдеп нормалары мінез-құлықтың вербалды емес элементтеріне де қолданылады: сыртқы түрі, қимылдары, интонациясы. Мысалы, агрессивті жест-ишараға жол берген адвокат немесе қорғаныс дәлелдеріне күмән келтіретін прокурор кәсіби мәдениет ережелерін бұзады. Мұндай көріністер тарапқа, куәға немесе судьяға психологиялық қысым жасау әрекеті ретінде қабылдануы мүмкін.

1. Судья әдебін қызметтік әдептің орталық элементі деп ұққан абзал.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2024 жылғы 4 қазанда Республика судьяларының IX съезінде: «Судьялар адалдықтың, дербестіктің және әділдіктің жарқын үлгісі болуы керек. Сондықтан судьялардың этикалық нормаларды сақтауы ерекше маңызды» деп атап өтті [3].

2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» № 132 конституциялық заңының 32-бабына сәйкес судья: «Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін» деп ант береді [2, 32-бап].

Қазақстан Судьялар одағының IX съезінде 2024 жылғы 4 қазанда қабылданған Судья әдебі кодексіне сәйкес судьяның беделі – судьяның адалдығына, шыншылдығына, әділдігіне, бейтараптығына, тәуелсіздігіне қоғамда қалыптасқан сенімділік [3, 4-т.].

Судья сот талқылауы барысында:

- этикетті, сыртқы келбетін, сот отырысын тиісінше жүргізу мәдениетін сақтауға, тәртіпті сақтауға, процестің барлық қатысушыларына және сот қызметкерлеріне құрмет білдіруге тиіс. Бұл ретте процеске қатысушылардан сондай мінез-құлықты талап етуге;

- өз мінез-құлқымен судьялардың шыншылдығына, адалдығына және бейтараптылығына қоғамның сенімділігін қалыптастыратындай әрекет етуге тиіс;

- бейтараптықты, ұстамдылық пен дұрыстықты көрсетуге, оның объективтілігіне күмән тудыруы мүмкін кез келген мінез-құлықтан аулақ болуға міндетті [3].

Судья сот төрелігін жүзеге асырудағы мемлекеттік билікті бірден бір бейнелейтін адам екендігін көреміз. Сондықтан, оның этикалық нормаларды бұзуы жеке қателік ретінде емес, бүкіл сот жүйесіне соққы және биік конституциялық мәртебеге кір келтіру ретінде қабылданады [1; 2].

Сот отырысының ахуалы негізінен судьяның мінез-құлқының арқасында жасалады. Оның ресми сөзі, процеске қатысушыларға үндеуі, сот залында тәртіпті сақтай білуі және сонымен бірге тараптарға құрмет көрсетуі, бұл кәсіби білім мен этикалық стандарттың бөлігі. Судьяның қызметтік әдепті бұзуы тараптардың шиеленісті ахуалын, әділетсіздік сезімін тудыруы мүмкін, бұл жарыспалылық пен теңдік қағидаттарын бұзады.

Процеске қатысушылардың сот отырысынан тыс өзара іс-қимылына ерекше назар аудару қажет.

Судья тараптардың бірінің өкілдерімен кез келген бейресми байланыстардан аулақ болу керек. Судья әдебі кодексінде: «Процестік емес байланыс — судьяның іске қатысатын адамдармен, олардың өкілдерімен және істің нәтижесіне мүдделі басқа да адамдармен заңнамада көзделмеген байланысы» деп көрсетілген [3].

Судья әдебін бұзу фактілері Судья әдебі жөніндегі комиссияның қарауына негіз болады. Егер тексеру барысында тәртіптік теріс қылық белгілерінсіз әдеп нормаларын бұзу фактісі анықталса, Комиссия қоғамдық айыптауды қолдану туралы шешім қабылдайды. Қоғамдық айыптау тәртіптік жазаға жатпайды, бірақ судьяның мінез-құлқын сипаттайтын белгі болып табылады [3].

Егер судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық белгілері анықталса, материалдар Сот жюриіне беріледі. «Сот жюриі туралы ережеге» (ҚР Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы № 643 жарлығы) сәйкес мұндай әрекет тәртіптік теріс қылық болып табылады [7].

2. Прокурор мен адвокаттың кәсіптік әдебі. Прокурордың қызметтік әдебі «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексімен» (ҚР Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 81 Жарлығы) айқындалады. Кодекс құқық қорғау қызметінің беделін нығайтуға, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға, қызметкерлердің мінез-құлқының бірыңғай адамгершілік-моральдық негізін қамтамасыз етуге арналған.

Прокуратура қызметкерлері өздерінің қызметтік іс-әрекеттерінде өз функцияларын адал, әділ және бейтарап жүзеге асыруға, заңдылық бұзушылықтарын анықтау мен жою бойынша барлық шараларды қабылдауға, жеке мүддеден мемлекеттік мүдденің басым екенін тануға, мүдделер қақтығысының алдын алуға, қызметтік ақпараттың жария етілуіне жол бермеуге, моральдық-психологиялық төзімділік танытуға, нысанды киім-кешекті құрметпен киіп жүруге тиіс.

2022 жылғы 5 қарашадағы «ҚР Прокуратура туралы» № 155-VII конституциялық заңның 22-бабына сәйкес прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді [4, 22-бап]. Сондықтан, прокурорға қойылатын кәсіби талаптардың қатарында объективтілік, дұрыстық, куәгерлер мен процеске қатысушыларға қысым жасауға жол бермеу, тараптардың ар-намысы мен қадір-қасиетін бұзатын іс-әрекеттерді қолдануға жол бермеу, т.б. бар. Прокурорлық қызмет қоғамдық функцияны орындаумен байланысты, кәсіби-этикалық нормалардан кез келген ауытқу мемлекеттік айыптау органдарының іс-әрекеттерінің заңдылығына күмән тудыруы мүмкін.

3. Адвокаттың әдебі «Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексімен» (2014 жылғы 26 қыркүйектегі Адвокаттар алқасы делегаттарының екінші республикалық конференциясында бекітілген) реттеледі [6].

Адвокат сотқа және іске қатысушы адамдарға құрметпен қарауға, сенім білдірушіге қатысты заңның сақталуын бақылауға, процестік заңнаманы сақтауға, оппоненттеріне құрметпен қарауға, агрессивті немесе арандатушылық мінез-құлыққа жол бермеуге міндетті [6]. Судьялардың және іске қатысушы адамдардың процесте тараптың қорғау құқығын шектейтін әрекеттеріне қарсы наразылықтарды адвокат сыпайы түрде, заңнама талаптарына сәйкес білдіруге тиіс. Адвокат бітімгершілік келісімге кедергі болатын жағдайларды жоюға әрекет жасауға тиіс. Сот отырысына дәлелді себептермен келе алмайтын жағдайда ол туралы сотқа алдын ала хабарлауға тиіс [6].

Адвокат пен прокурор, іс жүргізу рөлдерінің қарама-қайшылығына қарамастан, өзара сыйластықты көрсетуге, қорлауға, менсінбейтін мінез-құлыққа немесе жеке қақтығыстарға жол бермеуге міндетті [6; 11].

4. Сот аппараты: хатшы және сот приставы. Сот отырысы хатшысы мен сот приставының әдебі «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексімен» (ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 жарлығы) айқындалады.

Сот хатшысы, әдетте, ұйымдастырушылық тәртіпті қамтамасыз ететін, хаттаманың толықтығы мен дұрыстығын бекітетін, процеске қатысушылармен өзара әрекеттесетін, іс бойынша мүдделі емес мемлекеттік қызметші. Оның әрекеттерінің дұрыстығы мен кәсібилігі істі нақты және тиімді жүргізуге жағдай жасайды. Хатшының қателіктері процестің кешіктірілуіне, сот отырысының хаттамасына өтінішхаттардың, қарсылықтардың, түсініктемелердің толық бекітілмеуіне әкеп соғуы мүмкін, бұл тараптардың құқықтарына әсер етеді [9].

Сот приставы да мемлекеттік қызметте тұратын, өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам екені белгілі. Сот приставы сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіпті сақтайды, сотқа процестік әрекеттерді орындауда жәрдемдеседі, судьялар мен процеске өзге де қатысушыларды күзетуді жүзеге асырады, төрағалық етушінің өкімдерін орындайды.

5. Тараптар мен өзге де қатысушылардың әдебі және психологиялық аспектілер. Азаматтық талапкер, жауапкер, куәгерлер, сарапшылар, аудармашылар – сот процесінің толыққанды қатысушылары [9; 10]. Негізгі талаптар:

- сот отырысына уақытында келу;
- судьяның нұсқауларын орындау, түрегеп тұрып сөйлеу;
- судьяға «құрметті сот» деп жүгіну;
- бір-бірін сөзбен қорламау, дауыс көтермеу;
- куәгерлердің шынайы жауап беруі, жалған жауап бергені үшін қылмыстық жауапкершілікті білуі;
- сот залында тәртіп сақтау (телефонды өшіру, шуламау) [9, 187-бап].

Процеске қатысушылардың мінез-құлқы және мәдениеті психологиялық аспектілерді: стреске төзімділік, тыңдай білу, кері байланыс мәдениеті, қақтығыстарды сындарлы шешу, агрессиядан бас тарту, әділдік сезімі, сенім атмосферасын сақтауды қамтиды. Сот отырысы көбінесе сотқа алғаш рет тап болған азаматтар үшін стресстік жағдай болып табылады. Бұл тұрғыда судьяның, хатшының және басқа да кәсіби қатысушылардың оларға құрметті, сабырлы қарым-қатынас тәсілі эмоционалды шиеленісті төмендетуге, азаматтың әділетті және адамгершілік ретінде сот ісін жүргізу тәжірибесін сезінуіне ықпал етеді.

6. Цифрландыру жағдайындағы қызметтік әдеп. Сот жүйесін цифрландыру мінез-құлық мәдениетіне айтарлықтай әсер етеді. ҚР Цифрлық кодексінің 13-бабында цифрлық әдеп және әлеуметтік жауапкершілік реттелген [5, 13-бап]. Цифрлық технологияларды құру, дамыту және қолдану адамның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, кемсітушілікке жол бермеу, әділдік, адалдық, ашықтық пен жауапкершілік қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады [5].

Бейнеконференция, аудио хаттама, электрондық құжат айналымын қолдану қатысушыларды іскерлік келбетін, бейтарап фонын, бөгде шудың болмауын сақтау міндетінен босатпайды. Судья қашықтан қосу кезінде де тәртіпті бақылауға, сөз сөйлеудің дұрыстығын қамтамасыз етуге міндетті [3; 5].

Цифрлық трансформация жағдайында жазбаша коммуникация мәдениеті ерекше маңызға ие. Сотқа жіберілген электрондық құжаттар, өтініштер, шағымдар дұрыс, сауатты, ресми-іскерлік стильде ресімделуге тиіс [5]. Судьялар, прокурорлар және адвокаттар өздерінің электрондық сот ісін жүргізу саласындағы құзыреттілігін арттыруы керек, өйткені электрондық құжаттардағы қателіктер көбінесе процестің кешіктірілуіне әкеледі.

Қазіргі заманғы сын-қатерлер сот қызметінің ашықтығын арттырумен де байланысты. Сот отырыстарын бұқаралық ақпарат құралдары жиі жариялайды, ал сот шешімдері ашық түрде орналастырылады. Мұндай жағдайларда қызметтік әдеп сот жүйесі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру құралына айналады. Судьяның немесе прокурордың кәсіби емес мінез-құлқы бірден көпшілікке жария етілуі мүмкін, бұл әрбір әрекет пен сөз үшін барынша жауапкершілікті талап етеді [3; 11].

7. Ұлттық дәстүр: билер сотындағы әдеп. Қазақтың билер соты бүгінгі сот әдебінің халықтық түпнұсқасы десек, артық айтпаймыз. Қазыбек би дауласқан екі жақты сөйлетпей шешім шығармайтын. «Сөзін бітірсін, сонда үкім шығарармын» деген қағидасы қазіргі тараптардың сөзін тыңдау, тең құқықтылық қағидатының негізін құрайды. Қазыбек би дауласушыларға «Ашуларың басылып, ақылдарың үстем болсын» деп кеңес берген. «Билік айту оңай, біліп айту қиын» және «Заң – темір қазық, бұзған – жазық» деген халық даналығы судья әдебінің моральдық негізін айқындайды [3].

8. Қызметтік әдептің бұзылуы және оның салдары. Қызметтік әдептің бұзылуы тек этикалық емес, сонымен қатар құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін [9; 10]:

- процессуалдық жауапкершілік;
- сот отырысының тәртібін бұзғаны үшін ескерту, шығарып жіберу, айыппұл салу [9, 187-бап];
- тәртіптік жауапкершілік;
- судьялар, прокурорлар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер үшін әдеп комиссияларының қарауы, тәртіптік жазалар [3; 6; 11; 12];
- әкімшілік жауаптылық – ҚР ӘҚБтК 653-бабы. Сотты құрметтемеушілік. Сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құр-

меттемеушілік әкімшілік жауаптылыққа тартылуға негіз болады;

- қылмыстық жауаптылық – ҚР ҚК 410-бабы. Сотты құрметтемеу;

- беделдік шығындар – кәсіби беделдің жоғалуы, қоғамдық сенімнің төмендеуі [3].

Қызметтік әдептің бұзылуы сот төрелігіне деген сенімді әлсіретеді, процестің тиімділігін төмендетеді, істің созылуына әкеледі.

9. Халықаралық тәжірибе және жетілдіру жолдары. Халықаралық тәжірибені зерделеу, соның бірі – Бангалор сот әдебі қағидаттары, ЕО елдерінің тәжірибесі ерекше маңызды. Бангалор қағидаттарына сәйкес судья тәуелсіздік, бейтараптылық, адалдық, тиісті мінез-құлық, теңдік, құзыреттілік және жауапкершілік қағидаттарын сақтауға тиіс [8]. Бұл қағидаттар Қазақстанның Судья әдебі кодексінің негізінде де жатыр [3].

Айтылған жәйттарды түйіндей айтқанда, қызметтік әдепті жетілдіру үшін:

1. Судьялар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің коммуникативтік дағдылар, конфликтология, сөйлеу мәдениеті бойынша біліктілігін арттыру;

2. Соттардың техникалық жарақтандырылуын жақсарту – бейнежазба, электрондық іс жүргізу, онлайн-процестер [5];

3. Қызметтік әдеп ережелерін насихаттау – сот залдарындағы ақпараттық стендтер, бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстары;

4. Судья әдебі жөніндегі және Сот жюриі комиссияларының жұмысын күшейту – шағымдарды қарау, ашықтықты қамтамасыз ету [3; 7];

5. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру – мектептерде, жоғары оқу орындарында құқықтық білім беру, сот процесіне қатысушыларды алдын ала хабардар ету;

6. Бангалор сот әдебі қағидаттары сияқты халықаралық тәжірибені зерделеу [8].

Сот процесіндегі қызметтік әдеп бұл құқықтық, моральдық, психологиялық және коммуникативтік талаптарды қамтитын көп деңгейлі нормалар жүйесі екенін анықтадық [3; 5; 9]. Ол сот отырысының тәртібін ғана емес, әділеттіліктің тиімділігін, объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз етеді. Әдепті сақтау кәсіпқойлықтың көрсеткіші және қоғам алдындағы жауапкершілік болып табылады.

Цифрландыру және қатысушылардың өзара іс-қимыл нысандарының өзгеруі жағдайында қызметтік әдепті жетілдіру қажеттілігі сот жүйесі кадрларын даярлауға, коммуникативтік дағдыларды дамытуға, құзыреттерді кеңейтуге және жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыруға кешенді көзқарасты талап ете отырып қана артатын болады.

Сот процесіндегі қызметтік әдеп – заң мен моральдың тоғысқан тұсы. Ол заңды күшке ие болғанда ғана емес, әрбір қатысушының ішкі сеніміне айналғанда ғана шынайы күшке ие болады.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,
з.ғ.к., профессор, Қарағанды облысы Сот әкімшілігі департаментінің басшысы
Елеужан СЕРІМОВ,
з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, ҚР Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика және құқықтық терминология орталығының басшысы
Абылай ҚЫЗЫЛОВ,
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы – Алматы: Жеті жарғы, 2026. – 48 б.
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы, ҚР 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 конституциялық заңы // ҚР Парламентінің Жаршысы. – 2000. – № 23. – 410-құжат.
3. Судья әдебі кодексі ҚР Судьяларының IX съезінде 2024 ж. 4.10. – Астана, 2024. – 18 б.
4. Прокуратура туралы ҚР 2022 ж. 5.11. № 155-VII конституциялық заңы // Егемен Қазақстан. – 2022. – 8 қараша.
5. ҚР Цифрлық кодексі, ҚР 2025 ж. 30.06. № 233-VIII кодексі // ҚР Парламентінің Жаршысы. – 2025. – № 12. – 89-құжат.
6. Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексі, 2014 ж. 26.09. – Алматы, 2014. – 22 б.
7. Сот жюриі туралы ереже: ҚР Президентінің 2001 ж. 26.06. № 643 Жарлығымен бекітілген // ҚР Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы. – 2001. – № 24. – 280-құжат.
8. Бангалор сот әдебі қағидаттары: БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің 2006 ж. 27.07 қарарымен бекітілген // Халықаралық құқық және сот тәжірибесі. – 2006. – № 4. – 12-25 б.
9. ҚР Азаматтық процестік кодексі, ҚР 2015 ж. 31.10. № 377-V Кодексі. – Алматы: Норма-К, 2024. – 312 б.
10. ҚР Қылмыстық-процестік кодексі, ҚР 2014 ж. 4.07. № 231-V кодексі. – Алматы: Норма-К, 2024. – 428 б.
11. ҚР құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексі: ҚР Президентінің 2023 ж. 2.01 № 81 Жарлығымен бекітілген // Егемен Қазақстан. – 2023. – 4.01.
12. ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі, ҚР Президентінің 2015 ж. 29.12. № 153 Жарлығымен бекітілген // Егемен Қазақстан. – 2015. – 30. 12.

ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ДАМУ КЕПІЛДЕРІ



Айнур МАТИБАЕВА,
Алматы технологиялық университетінің биотехнология және химиялық технологиялар факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор

РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАЗАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН «ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫ ЕЛІМІЗДІҢ АЛДАҒЫ ДАМУ БАҒДАРЫН АЙҚЫНДАЙТЫН, ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУ МЕН ҚОҒАМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Мемлекет басшысы жолдауында қазіргі әлемдегі күрделі геосаяси және экономикалық өзгерістер жағдайында Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, өнеркәсіптік әлеуетті нығайту, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті кеңінен енгізу, ауыл шаруашылығын дамыту және халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелеріне айрықша назар аударды.

Президенттің алға қойған міндеттері еліміздің бүгінгі даму қажеттіліктерімен ғана шектелмейді. Олар болашақ ұрпаққа технологиялық тұрғыдан дамыған, экономикалық қуатты, әлеуметтік жауапты және халықаралық бәсекеге қабілетті мемлекет қалдыру мақсатын көздейді.

Жолдауда айтылған «өскелең ұрпақтың игілігі үшін технологиялық тұрғыдан өркендеген, бәсекеге қабілетті әрі күшті экономикасы бар жаңа тұрпатты мемлекет құру» идеясы, біздің пайымдауымызша, қазіргі білім беру жүйесі мен ғылыми қауымдастықтың алдына үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені, мемлекеттің шынайы қуаты оның табиғи ресурстарымен ғана емес, ғылыми әлеуетімен, технологиялық мүмкіндіктерімен, кәсіби мамандарымен және адам капиталының сапасымен өлшенеді.

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ РЕСУРСЫ

Қазіргі кезеңде білім мен ғылым экономикалық өсудің қосымша факторы емес, мемлекеттің бәсеке-

ге қабілеттілігін айқындайтын негізгі стратегиялық ресурсқа айналды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, технологиялық тұрғыдан дамыған мемлекеттердің жетістігі ғылыми зерттеулерге, инновациялық әзірлемелерге, сапалы жоғары білімге және ғылым мен өндірістің өзара тиімді ықпалдастығына негізделеді. Сондықтан, университеттердің қоғамдағы рөлін дәстүрлі маман даярлау қызметімен ғана шектеуге болмайды. Заманауи жоғары оқу орны ғылыми жаңалықтар туындайтын, жаңа технологиялар әзірленетін, инновациялық жобалар жүзеге асатын және экономиканың нақты сұраныстарына жауап беретін зияткерлік орталық болуы тиіс.

Осы орайда, біздің Алматы технологиялық университеті профессор-оқытушылар құрамының алдында да жаңа міндеттер тұр. Білім беру бағдарламаларын уақыт талабына сәйкестендіру, оқу үдерісіне заманауи ғылыми жетістіктерді енгізу, студенттердің зерттеушілік қабілетін дамыту және олардың теориялық білімін практикалық дағдылармен ұштастыру – жоғары білім сапасын арттырудың маңызды шарттары.

Біз болашақ маманды тек кәсіби біліммен қаруландырып қана қоймай, оның бойында ғылыми ізденіске құштарлық, шығармашылық ойлау, жауапкершілік, еңбекқорлық және қоғам алдындағы азаматтық міндетті сезіну қасиеттерін қалыптастыруымыз қажет.

ЭКОНОМИКАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Президент жолдауында өнеркәсіпті технологиялық жаңғырту, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, су ресурстарын тиімді пайдалану және отандық өндірісті дамыту мәселелерінің көтерілуі биотехнология мен химиялық технология салаларының стратегиялық маңызын айқындай түседі.

Бүгінде бұл ғылыми бағыттар тек жекелеген өндіріс салаларының дамуына қызмет етпейді. Олар елдің азық-түлік қауіпсіздігіне, экологиялық тұрақтылығына, экономикалық дербестігіне және халықтың өмір сүру сапасына тікелей ықпал етеді. Әсіресе, Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, отандық шикізат негізінде бәсекеге қабілетті азық-түлік өнімдерін өндіру, өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу, экологиялық таза технологияларды енгізу және биологиялық ресурстарды тиімді пайдалану аса өзекті.

Биотехнологияның мүмкіндіктері ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінде өнім сапасын жақсартуға, өндірістік үдерістерді жетілдіруге, биологиялық белсенді компоненттерді алуға және жаңа буын өнімдерін әзірлеуге жол ашады. Ал химиялық технологиялар шикізатты кешенді өңдеу, өндірістің тиімділігін арттыру, энергия мен ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайту және отандық өнеркәсіптің технологиялық базасын нығайту үшін маңызды.

Осы бағыттарда ғылыми зерттеулерді кеңейту, зертханалық әзірлемелерді тәжірибелік өндіріс деңгейіне жеткізу және ғылыми нәтижелерді нақты экономикалық айналымға енгізу – уақыт талабы. Ғылыми жетістіктердің нақты өндірістік нәтижеге айналуы үшін университеттер, ғылыми-зерттеу орталықтары және кәсіпорындар арасында тұрақты әріптестік орнауы қажет.

Біздің ойымызша, Қазақстанның технологиялық дамуында дәл осындай ғылыми-өндірістік кооперацияға басымдық беру керек.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ

Қазіргі әлемдегі климаттық өзгерістер, су тапшылығы, логистикалық қиындықтар және халықаралық азық-түлік нарығындағы тұрақсыздық әрбір мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне деген көзқарасын өзгертуде.

Қазақстан үшін бұл мәселе айрықша маңызға ие. Еліміздің ауыл шаруашылығы әлеуеті жоғары болғанымен, өндірілген шикізатты терең өңдеу, дайын өнімнің қосылған құнын арттыру, сақтау және тасымалдау технологияларын жетілдіру бағыттарында ғылыми және өндірістік мүмкіндіктерді одан әрі дамыту қажет.

Азық-түлік қауіпсіздігі тек қажетті өнім көлемін өндірумен шектелмейді. Ол өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын, өндірістік бақылаудың тиімділігін және халыққа қолжетімділігін де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, тамақ өнімдерінің технологиясы, микробиологиялық қауіпсіздік, биотехнологиялық өңдеу, сапаны бақылаудың заманауи әдістері және қалдықсыз өндіріс технологияларының маңызы арта түседі.

Болашақта Қазақстанның азық-түлік саласындағы бәсекеге қабілеттілігі тек шикізат көлемімен

емес, оны терең өңдеп, сапалы әрі қауіпсіз дайын өнім шығару мүмкіндігімен бағалануы тиіс. Сондықтан, отандық ғылыми зерттеулерді қолдау, өндіріс орындарын заманауи жабдықтармен жарақтандыру және осы бағытта жоғары білікті мамандар даярлау мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі болуы қажет.

КЕЛЕШЕК АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Президент жолдауында су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі де өте маңызды.

Су ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, энергетиканың және халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің негізгі ресурсы. Оның тапшылығы экономикалық дамуға ғана емес, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылыққа да әсер етеді. Сондықтан, су үнемдеу технологияларын енгізу, өндірістік суды қайта пайдалану, тазарту жүйелерін жетілдіру, қалдық суларды тиімді өңдеу және су сапасын бақылаудың заманауи әдістерін дамыту қажет.

Биотехнология мен химиялық технология саласындағы ғылыми зерттеулер осы міндеттерді шешуге елеулі үлес қоса алады. Мәселен, биологиялық тазарту әдістерін жетілдіру, экологиялық қауіпсіз реагенттер әзірлеу, өндірістік қалдықтарды залалсыздандыру және қайталама ресурстарды пайдалану технологиялары қоршаған ортаны қорғау ісінде маңызды рөл атқарады.

Табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану – тек бүгінгі экономикалық қажеттілік емес, келешек ұрпақ алдындағы адамгершілік және азаматтық жауапкершілік.

ҒЫЛЫМИ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысының Digital Qazaqstan стратегиясын іске асыру және жасанды интеллектіні кеңінен енгізу жөніндегі міндеттері еліміздің технологиялық дамуына жаңа серпін беруге бағытталған. Бүгінде жасанды интеллект, үлкен деректерді талдау, автоматтандыру және цифрлық басқару жүйелері ғылым мен өндірістің барлық дерлік саласына еніп келеді.

Бұл өзгерістер биотехнология мен химиялық технология салаларын да айналып өтпейді. Жасанды интеллекттің көмегімен зертханалық деректерді өңдеу, химиялық үдерістерді модельдеу, жаңа материалдардың қасиеттерін болжау, биологиялық нысандарды зерттеу және өндірістік үдерістерді оңтайландыру мүмкіндіктері кеңейіп келеді.

Цифрлық технологияларды енгізу ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырып қана қоймай, өндірістегі уақыт пен ресурстар шығынын азайтуға да мүмкіндік береді. Дегенмен, технологиялық жаңғырудың басты мақсаты – адамды технологияға тәуелді ету емес, керісінше, оның зияткерлік және кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту. Сондықтан, университеттерде жасанды интеллектті пайдалану мәдениетін қалыптастырумен қатар, академиялық адалдық, ақпараттық қауіпсіздік және ғылыми зерттеулердің жауапкершілік қағидаттарын сақтау маңызды. Болашақ мамандар дайын цифрлық құралдарды пайдаланумен шектелмей, жаңа технологиялық шешімдер әзірлеуге қабілетті болуы тиіс.

УНИВЕРСИТЕТ МИССИЯСЫ

Президент жолдауындағы өнеркәсіпті технологиялық жаңарту мен экономиканы әртараптандыру міндеттері жоғары оқу орындары мен өндірістік кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруді талап етеді.

Қазіргі жағдайда университет ғылыми білім беретін мекеме ғана емес, экономиканың нақты секторына технологиялық шешімдер ұсынатын маңызды әріптес болуы керек. Ол үшін өндірістік кәсіпорындардың сұранысын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту, студенттердің өндірістік тәжірибесін кеңейту, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру және жас зерттеушілердің бастамаларын қолдау қажет. Әсіресе, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру, технологиялар трансферті, стартап-жобаларды дамыту және университет жанындағы ғылыми-инновациялық орталықтардың әлеуетін пайдалану маңызды.

Біздің алдымызда тұрған негізгі міндеттердің бірі – ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты азайтып, ғылыми идеялардың нақты өнімге, технологияға және экономикалық нәтижеге айналуына жағдай жасау. Бұл бағытта мемлекет, университет және бизнес арасындағы өзара сенім мен жауапкершілікке негізделген серіктестік ерекше маңызға ие.

БІЛІМ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Қай мемлекеттің болашағы да оның жас ұрпағының білім деңгейіне, кәсіби дайындығына және азаматтық ұстанымына байланысты. Бүгінгі студент – ертеңгі ғалым, инженер, технолог, кәсіпкер, өндіріс маманы немесе мемлекеттік қызметкер. Сондықтан, жастарға тек диплом алу мүмкіндігін беру жеткіліксіз. Олардың ғылыми ізденіске қатысуына, жаңа жобалар әзірлеуіне, кәсіби қабілеттерін дамытуына және қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасау қажет.

Жоғары білім беру жүйесінде теориялық дайындық пен практикалық тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз ету, студенттердің зертханалық жұмыстарға қатысуын кеңейту, ғылыми конференциялар мен инновациялық байқауларға тарту маңызды. Сонымен бірге жастардың бойында ұлттық құндылықтарға құрмет, мемлекеттік тілге жанашырлық, тарихи сана, еңбек мәдениеті және қоғамдық жауапкершілік қалыптастыру да университет тәрбиесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Білімді болу – тек кәсіби жетістікке жету емес. Ол – алған біліміңді қоғам игілігіне жұмсауға дайын болу.

Президент жолдауында қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға ерекше мән берілуі білім беру ұйымдары үшін де маңызды бағдар болып табылады. Әділетті қоғамның негізі заңға құрметтен, адам құқықтарын сақтаудан, адал еңбектен және әрбір азаматтың өз міндетіне жауапкершілікпен қарауынан басталады.

Университет қабырғасында бұл қағидаттар академиялық адалдық, ғылыми этика, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, өзгенің еңбегін құрметтеу және білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара сенім арқылы көрініс табуы тиіс.

Ғылыми зерттеуде адалдықты сақтау, нәтижелерді бұрмаламау, плагиатқа жол бермеу және кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындау – шынайы ғалым мен білікті маманның басты қасиеттері. Осы құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру – жоғары мектептің кәсіби ғана емес, қоғамдық міндеті.

ЖОЛДАУ МІНДЕТТЕРІ – НАҚТЫ ІСПЕН ӨЛШЕНУІ ТИІС

Президенттің 2026 жылғы жолдауы Қазақстанның жаңа тарихи кезеңдегі даму бағдарын айқындап, мемлекет пен қоғам алдына ауқымды міндеттер қойды. Бұл міндеттердің табысты жүзеге асуы мемлекеттік органдардың, ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының, өндірістік кәсіпорындардың және азаматтық қоғам институттарының өзара үйлесімді жұмысына байланысты.

Жоғары білім беру жүйесінің өкілі ретінде біз елдің технологиялық және экономикалық жаңғыруына ғылыми әлеуетті дамыту, сапалы мамандар даярлау, инновациялық жобаларды қолдау және ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу арқылы үлес қосуға тиіспіз. Әсіресе, биотехнология, химиялық технология, тамақ өнеркәсібі, азық-түлік қауіпсіздігі, экологиялық тұрақтылық және өндірісті цифрландыру бағыттарындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыру Қазақстанның экономикалық дербестігі мен бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Жолдауда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру тек мемлекеттік бағдарламалар мен ресми құжаттар деңгейінде қалмауы керек. Олардың нақты нәтижесі жаңа өндірістерден, сапалы отандық өнімнен, ғылыми жаңалықтардан, білікті мамандардан және халықтың өмір сүру сапасының артуынан көрініс табуы тиіс.

Менің пайымдауымша, бүгінгі кезеңдегі университеттің басты миссиясы – білімді ұрпақ тәрбиелеумен қатар, елдің ғылыми-технологиялық дамуына тікелей ықпал ететін зияткерлік күшке айналу. Қазақстанның болашағы – ғылымға негізделген экономикада, инновациялық өндірісте, сапалы білімде және жауапты азаматтық қоғамда. Өйткені, елдің ертеңін қалыптастыратын басты күш – табиғи байлық емес, сол байлықты тиімді игере алатын білімді адам, ғылыми ізденіс және жасампаз еңбек.

Мемлекет басшысы айқындаған стратегиялық міндеттерді орындауға өз кәсіби білімімізбен, ғылыми ізденісімізбен және жас ұрпақ тәрбиесіне қосатын үлесімізбен атсалысу – біздің азаматтық әрі кәсіби парызымыз.

ДОГОВОРНЫЕ ОТНОШЕНИЯ И АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ ПРИ ЦИФРОВИЗАЦИИ

ЦИФРОВИЗАЦИЯ ЭКОНОМИКИ И ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ ПРЕВРАЩАЕТ ЭЛЕКТРОННУЮ СРЕДУ В ОСНОВНОЕ ПРОСТРАНСТВО, ГДЕ ЗАКЛЮЧАЮТСЯ ДОГОВОРЫ И ПРИНИМАЮТСЯ РЕШЕНИЯ ОРГАНОВ ВЛАСТИ. ПО ДАННЫМ БЮРО НАЦИОНАЛЬНОЙ СТАТИСТИКИ, ОБЪЕМ РОЗНИЧНОЙ ЭЛЕКТРОННОЙ ТОРГОВЛИ В КАЗАХСТАНЕ В 2025 ГОДУ ДОСТИГ 3,77 ТРЛН ТЕҢГЕ (РОСТ НА 19,4%), А ЕГО ДОЛЯ В РОЗНИЧНОМ ОБОРОТЕ СОСТАВИЛА 14,3%. В ТОМ ЖЕ ГОДУ ГРАЖДАНЕ ПОЛУЧИЛИ БОЛЕЕ 51,5 МЛН ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ В ОНЛАЙН-ФОРМАТЕ. ПРАВО, ОРИЕНТИРОВАННОЕ НА БУМАЖНЫЙ ДОКУМЕНТ И ЛИЧНОЕ ПРИСУТСТВИЕ, НЕ ВСЕГДА УСПЕВАЕТ ЗА ТАКИМИ ТЕМПАМИ.

Законодатель отвечает на вызов комплексно: 9 января 2026 года принят Цифровой кодекс Республики Казахстан № 255-VIII, основные нормы которого действуют с 12 июля 2026 года. Он закрепил цифровые объекты, смарт-контракты, цифровые права граждан и существенно изменил правовую базу электронного документооборота. Цель настоящей статьи – выявить теоретические и прикладные проблемы применения новых норм в двух смежных сферах: частноправовой (договор) и публично-правовой (административная процедура).

Фундаментом договорного регулирования остается Гражданский кодекс РК. Ст. 380 провозглашает свободу договора и допускает заключение как предусмотренных, так и не предусмотренных законодательством договоров, что создает основу для появления новых цифровых моделей. Ст. 152 устанавливает, что письменная форма сделки совершается на бумажном носителе или в электронной форме, а к письменной приравнивается обмен электронными документами и сообщениями, определяющими стороны и содержание их волеизъявления. Письменная форма обязательна для сделок, совершаемых в процессе предпринимательской деятельности, и сделок на сумму свыше 100 МРП; в силу ст. 153 несоблюдение простой письменной формы лишает стороны права ссылаться в подтверждение сделки на свидетельские показания. Условия действительности электронного документа ранее определял Закон № 370-II от 7 января 2003 года; сегодня он утратил силу, и равнозначность электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью (ЭЦП), бумажному закреплена в ст. 58 Цифрового кодекса.

С теоретической точки зрения цифровизация ставит под вопрос три классических опорных элемента договорного права: волеизъявление, форму и исполнение. Волеизъявление в электронной среде нередко выражается конклюдентными действиями (нажатием кнопки, оплатой заказа),



форма утрачивает привязку к материальному носителю, а исполнение может быть алгоритмизировано. Поэтому в доктрине и в законодательстве все большую роль играют принципы функциональной эквивалентности (электронный документ равнозначен бумажному, если выполняет те же функции – идентификацию сторон, фиксацию содержания, сохранность) и технологической нейтральности (закон не привязывается к конкретной технологии). Казахстанская модель, закрепленная в ст. 152 ГК РК и ст. 58 Цифрового кодекса, в целом следует этим принципам. Вторым измерением остается баланс свободы договора (ст. 380 ГК РК) и защиты слабой стороны: чем более автоматизирован и стандартизирован процесс заключения договора, тем выше потребность в императивных гарантиях для потребителя и малого бизнеса.

Отдельной прикладной проблемой является идентификация сторон. Электронная форма сделки имеет юридическое значение лишь тогда, когда можно достоверно установить, кто совершил волеизъявление. ЭЦП, подтверждение через одноразовые коды и биометрия обеспечивают разный уровень достоверности, а закон не всегда связывает с ними четкие доказательственные последствия. Кроме того, значительная часть онлайн-торговли осуществляется на трансграничных и иностранных платформах, что осложняет определение применимого права и подсудности спора, а также реализацию требований о защите прав потребителей.

Первая прикладная проблема связана с массовым характером онлайн-договоров. Доля маркетплейсов в электронной торговле выросла с 57% в 2022 году до 86% в 2025 году, а значит, подавляющее большинство потребительских сделок заключается на условиях, которые заранее определила платформа. Такие договоры подпадают под ст. 389 ГК РК (договор присоединения): присоединившаяся сторона вправе требовать расторжения, если договор лишает ее обычно предоставляемых прав, ограничивает ответственность контрагента или содержит явно обременительные условия. Однако для стороны, присоединившейся в связи с предпринимательской деятельностью, такое требование не удовлетворяется, если она знала или должна была знать условия договора. Теоретически нерешенным остается вопрос о достаточности «клика» как формы акцепта и о бремени доказывания факта ознакомления с условиями, поскольку суды оценивают электронные следы (логи, подтверждения) без единых стандартов.

Вторая проблема – смарт-контракты. Ст. 67 Цифрового кодекса впервые закрепила их на уровне закона; определение дано через функцию – автомати-

ческое исполнение заранее согласованных условий при наступлении определенных обстоятельств с использованием цифровых технологий, причем без привязки к конкретной технологии, например блокчейну. Такой подход технологически нейтрален, но порождает вопросы, которые ГК РК не разрешает: является ли программный код самим договором или способом его исполнения; как применять правила о заблуждении, существенных условиях (ст. 393) и расторжении к алгоритму, исполнение которого необратимо; как толковать расхождение между текстовым соглашением и кодом. Показательна осторожность законодателя в смежном вопросе: ЭЦП цифрового объекта позволяет системе автоматически подписывать типовые документы, но не применяется к документам, которыми устанавливаются или изменяются гражданские права и обязанности сторон. Иными словами, автоматизация допускается на стадии исполнения, но не на стадии волеизъявления.

Третья проблема – правовой режим цифровых активов. Ст. 22 Цифрового кодекса имеет отсылочный характер: цифровыми активами признаются цифровые объекты, отнесенные к ним Законом «О цифровых активах в Республике Казахстан» от 6 февраля 2023 года №193-VII, который и регулирует их выпуск, обращение и учет. В результате правила о цифровых объектах распределены между тремя актами (ГК, Цифровой кодекс и специальный закон), что затрудняет определение применимой нормы и повышает риск коллизий. Кроме того, Кодекс вводит право на пересмотр решений, принятых с использованием алгоритмических и автоматизированных систем, с участием уполномоченных специалистов, что, по существу, переносит публично-правовую идею «человеческого контроля» и в частные отношения (кредитный скоринг, онлайн-займы).

С практической точки зрения участникам оборота при заключении договоров в электронной форме целесообразно фиксировать порядок идентификации сторон и способ выражения акцепта, сохранять электронные следы (журналы операций, подтверждения, метки времени), а в договорах с элементами автоматического исполнения – предусматривать процедуру приостановления алгоритма и разрешения споров о его работе. Такие условия не заменяют нормы закона, но снижают доказательственные риски до формирования единообразной судебной практики по ст. 67 Цифрового кодекса.

Обобщая статистические данные, отметим, что в 2025 году объем розничной электронной торговли в Казахстане составил 3,77 трлн теңге (рост на 19,4% к 2024 году), ее доля в розничном обороте достигла 14,3%, а доля маркетплейсов в электронной торговле выросла с 57% в 2022 году до 86 % в 2025 году; объем услуг, оказанных через интернет, составил 2,48 трлн теңге. В сфере электронного правительства в 2025 году граждане получили свыше 51,5 млн госуслуг онлайн, портал eGov.kz насчитывает 15,1 млн, а приложение eGov Mobile – 11,7 млн пользователей, при этом около 90% госуслуг доступны в электронном виде; по Индексу развития электронного правительства ООН (EGDI) в 2024 году Казахстан набрал 0,9009 и занял 24-е место из 193 стран (в 2022 году – 28-е).

Правовую основу административных процедур составляет Административный процедурно-процессуальный кодекс РК №350-VI от 29 июня 2020 года, введенный в действие с 1 июля 2021 года. Кодекс выстраивает процедуру из последовательных стадий – возбуждение, рассмотрение административного дела, принятие и исполнение административного акта – и допускает цифровой формат на каждой из них. Согласно ст. 69, административное дело ведется на бумажном носителе и (или) в электронной форме; ст. 80 допускает принятие административного акта в письменной (бумажной и (или) электронной) форме, а ст. 81 предписывает доводить электронный акт до сведения участника процедуры в порядке, установленном законодательством. Если акт принят в устной форме, он по ходатайству участника оформляется письменно в течение одного рабочего дня (ст. 78). Стандарты и порядок оказания услуг, в том числе в электронной форме, определяет Закон «О государственных услугах» от 15 апреля 2013 года №88-V.

В теоретическом плане цифровая трансформация меняет саму модель взаимодействия государства и личности: от реактивной («обратитесь – получите услугу») к проактивной и данным-ориентированной, когда орган самостоятельно использует сведения из государственных баз и не вправе требовать их повторного предоставления. Эта модель согласуется с принципами АППК, в частности с идеей доверия участника процедуры к деятельности административного органа и толкованием неустранимых сомнений в пользу участника. Одновременно возрастает значение процедурных

гарантий: право быть заслушанным, право на ознакомление с материалами дела и право на обоснование решения должны сохраняться независимо от того, принимает ли решение должностное лицо или информационная система.

Масштаб цифровой трансформации подтверждают статистические данные. В 2025 году казахстанцы получили свыше 51,5 млн госуслуг онлайн, из которых 25,7 млн – через портал eGov.kz; зарегистрировано более 15,1 млн пользователей портала, мобильным приложением eGov Mobile пользуются свыше 11,7 млн человек, а около 90% услуг доступны в цифровом формате. По итогам рейтинга ООН 2024 года Казахстан занял 24-е место из 193 стран по Индексу развития электронного правительства (0,9009 против 28-го места в 2022 году) и первое место среди стран, не имеющих выхода к морю.

Вместе с тем цифровизация порождает прикладные проблемы. Во-первых, это автоматизированное принятие решений. Ст. 73 АППК обязывает орган заслушать участника процедуры до принятия акта, уведомив его не позднее чем за три рабочих дня, однако предусматривает исключения, в том числе, когда решение принимается в ходе автоматизированного процесса и орган не наделен административным усмотрением. Логика понятна: при отсутствии усмотрения заслушивание бессмысленно. Но на практике граница между «чисто технической» и «оценочной» операцией размыта, а ошибка алгоритма или исходных данных непосредственно затрагивает права заявителя. Здесь необходимо согласовать АППК с Цифровым кодексом, гарантирующим пересмотр алгоритмических решений человеком, и прямо закрепить обязанность органа сообщать, что решение принято автоматизированно, и раскрывать его основания; сегодня обоснование акта не требуется, например, для благоприятных актов, не затрагивающих права третьих лиц (ст. 80).

Во-вторых, остается проблема надлежащего уведомления и цифрового неравенства. Электронный акт считается доведенным в порядке, определенном законодательством (ст. 81), поэтому утрата доступа к аккаунту, технический сбой или низкая цифровая грамотность могут привести к пропуску сроков обжалования. Показатель 15,1 млн зарегистрированных пользователей говорит о высоком охвате, но не отменяет необходимости сохранить альтернативные (бумажные и очные) каналы для уязвимых групп. В-третьих, возрастают требования к защите персональных данных и кибербезопасности: Цифровой кодекс закрепляет право на удаление, анонимизацию и ограничение обработки данных, а также рамочные требования к кибербезопасности цифровых объектов. Это означает, что ответственность административного органа распространяется на архитектуру информационных систем, а не только на содержание акта.

Отдельного внимания заслуживает межведомственное взаимодействие. Принцип однократного предоставления сведений предполагает, что орган получает необходимые данные из государственных информационных систем, а не требует их от заявителя. Он снижает административную нагрузку и количество технических отказов, но одновременно повышает роль качества данных: неактуальная запись в базе может привести к отказу в услуге, а исправление ошибки потребует отдельной процедуры. Следовательно, правовое регулирование должно предусматривать не только обязанность обмена данными, но и порядок оперативного исправления недостоверных сведений, а также ответственность владельца базы за последствия ошибки.

В-четвертых, особого внимания требует судебная защита. Раздел 4 АППК предусматривает административное судопроизводство по публично-правовым спорам, в рамках которого оспариваются административные акты, действия и бездействие органов. Для споров об автоматизированных решениях ключевыми становятся вопросы доказывания: заявитель, как правило, не имеет доступа к алгоритму и исходным данным, поэтому бремя представления сведений о работе информационной системы должно возлагаться на административный орган. Требуются также единые правила хранения электронных административных дел и журналов обращений к информационным системам, чтобы суд мог проверить, на каком основании и в какое время принято решение. Принятие в 2025 году Закона «Об искусственном интеллекте» и Цифрового кодекса создает для этого нормативную основу, однако межотраслевая согласованность этих актов с АППК пока не обеспечена.

Европейский союз решает проблему автоматизированных решений через защиту субъекта: ст. 22 Общего регламента о защите данных (GDPR) закрепляет право не подчиняться решению, основанному исключительно на автоматизированной обработке и существенно влияющему на лицо; Регламент

об искусственном интеллекте 2024/1689 относит системы, определяющие доступ к существенным государственным услугам, к категории высокого риска. Регламент eIDAS 2.0 (2024/1183) вводит европейский кошелек цифровой идентичности, обеспечивающий взаимное признание цифровой идентификации и подписей в государствах-членах. В Германии §35a Закона об административной процедуре (VwVfG) допускает полностью автоматизированный административный акт лишь при условии, что закон это разрешает и орган не обладает усмотрением – подход, близкий п. 7 ст. 73 АППК, но дополненный требованием прямого законодательного разрешения.

Эстония, по данным e-Estonia, построила государственное управление на принципах единой идентификации, защищенного обмена данными (X-Road) и «однократного предоставления сведений»; электронная подпись приравнена к собственноручной с 2000 года, а подавляющее большинство госуслуг доступно онлайн. В частном праве международное сообщество выбирает сдержанный путь: Типовой закон ЮНСИТРАЛ об электронных передаваемых записях (2017) устанавливает принцип функциональной эквивалентности электронной и бумажной формы, а Комиссия по реформе права Англии и Уэльса в 2021 году пришла к выводу, что действующее договорное право в целом применимо к «умным» договорам и не требует принципиально нового регулирования. Для Казахстана это означает, что приоритетом должно быть не умножение специальных норм, а уточнение действующих институтов – формы сделки, толкования, недействительности – применительно к цифровой среде.

Сопоставление подходов позволяет выделить три общих тенденции, применимых и к казахстанским условиям. Первая – «человеческий контроль»: автоматизация допускается, но решение, существенно затрагивающее права, должно быть доступно для пересмотра человеком (GDPR, Цифровой кодекс РК). Вторая – разграничение автоматизации по степени усмотрения: полностью автоматизированными могут быть только связанные (неоценочные) решения (VwVfG, п. 7 ст. 73 АППК). Третья – приоритет совершенствования действующих институтов перед созданием параллельных «цифровых» режимов (позиция Law Commission и ЮНСИТРАЛ). Показатели Казахстана в рейтинге ООН – высокий уровень онлайн-услуг (OSI – 0,9390) при заметно более скромном показателе человеческого капитала (HCI–0,8403) – подтверждают, что дальнейший прогресс зависит не только от технологий, но и от цифровой грамотности и качества правового регулирования.

Проведенный анализ показывает, что казахстанское законодательство достигло высокого уровня формального признания цифровых инструментов: электронная форма сделки (ст. 152 ГК РК), электронные административные акты (ст. 69, 80, 81 АППК), смарт-контракты (ст. 67 Цифрового кодекса). Основные проблемы лежат в плоскости согласованности норм и их применения. С целью совершенствования представляется целесообразным: 1) дополнить ГК РК нормами о моменте и способе акцепта в электронной среде и о доказательственной силе электронных следов; 2) определить соотношение кода и текстового соглашения смарт-контракта, а также последствия ошибки алгоритма; 3) консолидировать правила о цифровых активах и объектах, устранив отсылочные разрывы между ГК, Цифровым кодексом и специальным законом; 4) закрепить в АППК обязанность информировать участника об автоматизированном характере решения и о праве на его пересмотр должностным лицом; 5) сохранить альтернативные способы получения услуг и уточнить правила исчисления сроков при технических сбоях. Реализация этих мер позволит обеспечить баланс между эффективностью цифровых процессов и защитой прав личности в условиях цифровизации Республики Казахстан.

Тлеухабыл АБАЙДЕЛЬДИНОВ,
к.ю.н., профессор кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ им. аль-Фараби

Жүрген АСАНӘЛІ,
студент 4 курса бакалавриата юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби

АШЫҚТЫҚ – ӘРПК-НІҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРАДЫ



Бауыржан ШАНКЕРЕЕВ,
Алматы гарнизоны әскери сотының судьясы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ДАМЫТУДА МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАДЫ. ОЛАЙ ДЕЙТІНІМІЗ, ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫ ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНГЕ ДЕЙІН ҚОҒАМДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАР БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕДЕ ҮСТЕМ БОЛАТЫН. ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКС (ӘРПК) НОРМАЛАРЫ ОСЫ РЕТТЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖОЙЫП, ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДА ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРҒА ШЫҒАРДЫ. БҮГІНДЕ ӘКІМШІЛІК ОРГАНДАРҒА ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН КОДЕКС ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ МІНДЕТІ ЖҮКТЕЛГЕН.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қарым-қатынасты реттеп, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін айқындайды. Осы кодекстің 16-бабында соттың белсенді рөлі бекітілген, соған орай, әкімшілік сот ісі соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Яғни, сот әкімшілік істі дұрыс шешу мақсатында маңызы бар мән-жайдың барлығын жан-жақты зерттеуге, сондай-ақ, нақты немесе заңды тұстарға жататын құқықтық негіздемелерде пікірін алдын ала айтады. Аталған баптың үшінші бөлігіне сәйкес, судья өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхатымен қосымша материалдар мен дәлелдемелер жинайды әрі әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған қажетті әрекеттерді орындайды.

Егер әкімшілік рәсімдерді жүргізуде мемлекеттік органдар өтініш берушілердің құқықтарына қысым жасайтын болса, олар сотқа жүгіне алады. Осы тұрғыда талап-арыздар сотта өз шешімінің не әрекет-әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы қағидатымен қаралады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс еліміздегі әкімшілік ашықтықты құқықтық тұрғыда реттейтін негізгі құжат болғандықтан оның аясында азаматтардың құқықтарын қорғаудың тыңдалу құқығы, әкімшілік әділет, ашықтықты арттырудың цифрлық құралдары тетіктері қарастырылған. Бүгінде әкімшілік процедуралардың ашықтығын цифрландырусыз елестету мүмкін емес.

ӘРПК-нің 73-бабында көрсетілгендей, әкімшілік орган немесе лауазымды адам азаматқа қатысты қолайсыз шешім қабылдамас бұрын әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді. Бұл туралы әкімшілік рәсімге қатысушыға алдын ала, бірақ, әкімшілік акт қабылданғанға дейін үш жұмыс күні ішінде хабар жіберіледі. Мемлекеттік органның түпкілікті шешім шығармай тұрып, өз шешімін алдын ала хабарлауы азаматтың өз ұстанымын білдіру немесе қарсылық келтіру мүмкіндігін арттырады. Мемлекеттік орган қандай да бір теріс шешім қабылдамас бұрын азаматтың пікірі мен уәжін тыңдауға міндетті.

Тыңдаудың жазбаша немесе ауызша кездесу, бейнеконференц-байланыс, цифрлық жүйелер арқылы жүргізілуі азаматтар мен бизнестің мемлекеттік органдар алдындағы құқықтарын қорғаудың кепілі саналады. Осы тұста айтып өтерлігі, әкімшілік органның тыңдау өткізбей-ақ шешім қабылдау құқығы заңға сәйкес жүргізіледі. Мысалы, қолайлы акт қабылданғанда, жедел шешім қажет болғанда, қысқа мерзімді істерде тыңдау талап етілмейді.


Бұдан әрі нақтыласақ, қабылданатын шешім азаматтың өтінішін толық қанағаттандырып, оған қолайлы жағдай жасаса, азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатерді жою үшін шұғыл шара қолдану қажет болса, істі қарау мерзімі бес жұмыс күнінен аспаса немесе оңайлатылған әкімшілік рәсім кезінде тыңдау жүргізілмейді. Бұл қатарға адамның қатысуынсыз, яғни, ақпараттық жүйелер арқылы автоматты түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер кіреді.

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді алысымен екі жұмыс күнінен кешіктірмей оған қарсылық бере алады. Сондай-ақ, тыңдауды ауызша өткізу үшін әкімшілік рәсім қатысушысы алдын ала шешімді алған соң екі жұмыс күні ішінде өтінішхат мәлімдеуге құқылы. Әкімшілік рәсімге қатысушы ауызша қарсылық білдірсе, әкімшілік орган, лауазымды адам тыңдау хаттамасын жүргізеді. Ал жазбаша нысанда хаттама жүргізілмейді.

73-бапты ашықтықтың, азаматтардың өз құқықтарын қорғау тетігінің негізіне балауға болады. Бұл норма жеке және заңды тұлғаларды қорғаудың сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен бірге мемлекеттік органдардың жауапкершлігін күшейтеді. Әкімшілік рәсімдер кезіндегі барлық күдік пен қайшылық азаматтың пайдасына шешіледі. Әкімшілік процедуралардың ашықтығы сыбайлас жемқорлықты азайтады. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Әкімшілік процедуралардың ашықтығын қамтамасыз етуде ақпараттың қолжетімділігі маңызды рөл атқарады. Сондықтан, мемлекеттік органдардың қызметі мен бюджеті, қабылдаған шешімдері, т.б. туралы ақпараттар ашық дереккөздерде жариялануы керек. Азаматтардың өз өтініштері қай кезеңде қаралып жатқанын көре алуы, мемлекеттік органдардың кез келген шешімінің заң аясында нақты дәлелдерге негізделуі әрқашан да маңызды.

ЦИФРЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ



ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ СИПАТЫН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТУДЕ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА, ОНЛАЙН ТӨЛЕМДЕР, ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕР, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ. МҰНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕДЕН ДЕ ЖАҢА ТАЛАПТАРДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында Азаматтық кодексті жаңарту және жаңа редакциясын әзірлеу мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл бастама еліміздің құқықтық жүйесін заманауи экономикалық талаптарға бейімдеуге бағытталған.

Қазақстанның қолданыстағы Азаматтық кодексі азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеудің негізгі құралы болып саналады. Алайда, оның нормалары қазіргі экономикалық және технологиялық өзгерістердің барлығын толық қамти алмайды. Мәселен, электрондық платформалар арқылы жасалатын мәмілелер, цифрлық активтердің айналымы, смарт-келісімшарттар және жасанды интеллект көмегімен жүзеге асырылатын қызметтер құқықтық тұрғыдан жан-жақты реттеуді талап етеді.

2026 жылғы 29 қазанда Әділет министрлігі жаңа Азаматтық кодексті әзірлеудің негізгі бағыттарын талқылады. Жаңартудың басты мақсаты – азаматтардың, кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейту және болашақ экономиканың тұрақты құқықтық негізін қалыптастыру. Жаңа Азаматтық кодексті әзірлеудегі маңызды мәселелердің бірі – цифрлық активтер мен электрондық мәмілелердің құқықтық мәртебесін нақтылау.

Бүгінде көптеген азаматтар тауарлар мен қызметтерді интернет арқылы сатып алады, электрондық шарттар жасасады және цифрлық платформаларды пайдаланады. Осындай қатынастарда тараптардың құқықтары мен міндеттерін нақты белгілеу өте маңызды.

Электрондық мәмілелерді құқықтық реттеу азаматтардың мүдделерін қорғауға, алаяқтық тәуекелдерін төмендетуге және цифрлық сауданың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект технологияларының дамуы азаматтық құқық саласына да жаңа міндеттер жүктеп отыр. Автоматтандырылған жүйелер арқылы қабылданатын шешімдер, цифрлық қызметтер және деректерді пайдалану мәселелері құқықтық тұрғыдан реттеуді қажет етеді.

Мұнда ең маңызды мәселе – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы. Жасанды интеллектті пайдалану барысында келтірілген зиян үшін жауапкершілікті анықтау, жеке деректерді қорғау және тараптардың міндеттерін белгілеу болашақ заңнаманың маңызды бағыттарының бірі болуы мүмкін.

Азаматтық кодексті жаңарту кәсіпкерлік саласының дамуына да оң әсер етуі мүмкін. Құқықтық нормалардың түсінікті әрі тұрақты болуы кәсіпкерлердің өз қызметін сенімді жоспарлауына жағдай жасайды. Сонымен қатар шетелдік инвесторлар үшін құқықтық кепілдіктердің болуы ел экономикасына инвестиция тартудың маңызды факторларының бірі саналады. Жаңа кодексті әзірлеу барысында шарт еркіндігін дамыту, меншік құқығын қорғау және азаматтық-құқықтық қатынастардағы артық шектеулерді азайту мәселелеріне назар аударылуда.

Жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу – Қазақстанның құқықтық жүйесін жаңа заман талаптарына сәйкестендірудегі маңызды бастама. Цифрлық экономиканың дамуы, жасанды интеллекттің кеңінен қолданылуы және жаңа мүліктік қатынастардың қалыптасуы азаматтық заңнаманы жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Бұл реформаның табысты жүзеге асуы заң нормаларының сапасына ғана емес, олардың іс жүзінде тиімді қолданылуына да байланысты. Сондықтан жаңа кодексті әзірлеу кезінде азаматтардың, кәсіпкерлердің, заңгерлердің және ғылыми қоғамдастық өкілдерінің пікірлері ескерілуі тиіс.

Ең бастысы, жаңартылған азаматтық заңнама адам құқықтарын қорғауға, әділетті қоғам қалыптастыруға және Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына қызмет етуі қажет.

Жанар КАРАШЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
азаматтық құқық және
азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқық кафедрасының
PhD докторы

ЦИФРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ



Азамат ШОЙБЕКОВ,
Қарасай аудандық сотының судьясы

ЕЛ КОНСТИТУЦИЯСЫ ӘРКІМНІҢ ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУЫНА, ЖЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰПИЯСЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫНА ҚҰҚЫҚ БЕРЕДІ. СЕБЕБІ, БҮГІНГІДЕЙ ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДА АДАМДАРДЫҢ ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕРІ КҮНДЕЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялардың маңызы арты. Нәтижесінде адамдар барлық қызмет саласына онлайн байланыс арқылы қолжеткізу мүмкіндігіне ие болды. Алайда, бұлардың жеке деректер қауіпсіздігіне әсер ететінін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Бүгінде жеке ақпараттар мен жеке деректерді қорғау цифрлық құқықтың негізгі мәселелерінің біріне айналып отыр. Себебі, дербес деректер қауіпсіздігінің сақталмауы жеке тұлғалар мен ұйымдар үшін түрлі қауіпке әкелуі мүмкін.

Сондықтан, жеке деректерді мұқият қорғауға әр адамның өзі жауапты болуы керек. Мысалы, алаяқтардан қорғанудың қарапайым тәсілдерінің бірі қалта телефонына, компьютерге бөтен адамдардан келген сілтемелерді ашпау. Бұған қоса әлеуметтік желілерде жеке деректерді жарияламаған жөн. Өйткені, дербес деректер адамның жеке басына,

отбасына, кәсіби қызметіне тікелей қатысты. Олай дейтініміз, дербес дерекке аты-жөні, туған күні, мекенжайы, телефон нөмірі, электронды пошта мекенжайы, медициналық жазбалар, қаржылық және басқа да жеке ақпараттар жатады. Аталғандар дұрыс қорғалмаса, жеке басқа қауіп төнуі әбден анық.

Бұларды қорғау арқылы адамдардың жеке өмірі, құқығы мен бостандығы қорғалады әрі жеке өмірге қол сұғылмаушылық қамтамасыз етіледі. Жеке деректерді рұқсатсыз пайдалану заңсыз әрекеттерге жол ашады. Сол үшін бірқатар ел дербес деректерді қорғауда арнайы заң қабылдаған. Олардың қатарында Қазақстан да бар. Мысалы, біздің елімізде Дербес деректер және оларды қорғау туралы заң он үш жылдан бері жұмыс істейді.

Дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау қағидалары осы заңмен реттелген. Аталған заң бойынша барлық ұйым азаматтың ЖСН, телефон, мекенжай, т.б. туралы мәліметтерін жинап, өңдеу үшін сол адамның ресми келісімін алуға міндетті және оның қауіпсіздігіне жауап береді. Мұнсыз болмайды.

Қазіргідей цифрлық кезеңде жеке мәліметтер мен қаржылық ақпараттардың, корпоративтік құжаттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету өте маңызды. Цифрлық деректерді тиімді қорғаудың әдістері мен құралдарын бірнеше деңгейге бөліп қарауға болады. Мәселен, жеке деңгейдегі қорғаныс әрбір қолданушыға арналған. Күрделі құпия сөздердің де пайдасы зор. Жеке деректер адамның туған күн, туған жылына байланысты белгіленбеу керек. Екі факторлы аутентификация қорғанысты екі есе арттырады. Әр адам өзінің жеке дерегіне мұқият болғаны абзал.

Дербес дерек тек заң аясында оның иесінің келісімімен ғана жиналып, белгілі бір мақсатқа сәйкес өңделеді. Деректі өңдеу барысында оның дұрыстығы мен толықтығы және өзектілігі қамтамасыз етілуі тиіс. Есте ұстарлығы, дербес дерек керек уақытқа ғана сақталып, одан кейін жойылғаны жөн. Дұрыс қорғалған деректер азаматтың жеке өмірі мен құқығын, бостандығын қорғап қана қоймайды, сонымен бірге ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сондықтан, әр адам өзінің дербес деректерін қорғаудың маңыздылығын түсініп, заң талабын сақтауы тиіс.

Осы тұста айтып өтерлігі, дербес дерек пен цифрлық құқықты бір-бірінен бөліп қарай алмаймыз, өйткені, бұлар етене, яғни, тығыз байланысты. Мысалы, цифрлық құқық адамның әлеуметтік желі мен цифрлық кеңістіктегі ақпаратының қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтиды. Дербес деректі қорғау – цифрлық құқықтың маңызды аспектісінің бірі болғандықтан, бұл туралы халыққа қарапайым тілде жекізу артықтық етпейді.

Жалпы алғанда цифрлық құқық – адамға интернет кеңістікте беріледі. Ал әлеуметтік желілерде адам құқығына төнетін қауіптің ықтималдығы өте жоғары. Бірақ, көбіміз мұны елей бермейміз. Цифрлық қауіпсіздікті сақтауда есте ұстауға тиіс қағидалар қатаң сақталып, орындалса болғаны.

Дербес деректердің тарап кетуі, онлайн-алаяқтық, жасанды интеллектті қылмыс құралы ретінде пайдалану жалпы әлемдік мәселе. Сондықтан, бұл мәселеге Мемлекет басшысының тарапынан да айрықша назар аударылып отыр. Президент Үкіметке тиісті мекемелермен бірге киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтардың деректерін қорғау мәселесін кешенді түрде мұқият саралап, қарауды тапсырған болатын. Сонымен қатар, Ұлттық құрылтайда цифрлық дербес деректерді қорғау мәселесі конституциялық деңгейде бекітіліп, айқындалуы керектігін де айтты.

Нәтижесінде жаңа Конституцияда азаматтардың биометриялық және жеке деректерін қорғау мәселесіне айрықша мән берілді. Яғни, биометриялық және жеке деректер республикамыздың бас құжаты – Ата Заңмен қорғалады. Бұл өз кезегінде ел азаматтарының жеке өміріне қол сұғылмауын қамтамасыз етіп, олардың құқықтарын қорғауда маңызды құқықтық кепіл болады.

Конституция талабына сәйкес, азаматтардың жеке және биометриялық деректерін қорғау мемлекеттік тұрғыда қорғалады. Яғни, конституциялық норма әр адамның жеке мәліметтерінің қауіпсіздігін сақтап, олардың заңсыз пайдаланылуына жол бермейді. Бұған қоса ақпаратты заңсыз жинауға тыйым салынатыны Конституциямен нақтыланған. Конституцияның талабы жеке деректердің сақталуын күшейтіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға негіз болады.

Конституцияға биометриялық жеке деректерді қорғау және ақпаратты заңсыз жинауға тыйым салу нормаларының енгізілуі азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін және цифрлық қауіпсіздікті нығайтатын маңызды құқықтық қадам болып табылады.

Алматы облысы

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР

ӨҢІР СОТТАРЫНДА ҚАРАЛАТЫН ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДІҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН САНАТТАРЫНЫҢ БІРІ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР. АТАЛҒАН САНАТҚА ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН БЕРУ ТУРАЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ШЕШІМДЕРІНЕ, ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ҚҰЖАТТАМАСЫН КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ КЕЗІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ, СОНДАЙ-АҚ, ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ (БҰДАН ӘРІ – МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ) ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ДАУ АЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ІСТЕР ЖАТАДЫ.

Осы санаттағы істердің ішінде жер учаскелерінің орналасқан жерін дұрыс айқындамау және олардың шекараларының қабаттасуы салдарынан туындайтын даулар ерекше орын алады. Сот практикасы көрсеткендей, жер пайдаланушының электрондық кадастрлық картадағы немесе абристегі мәліметтер бойынша өзіне тиесілі жер учаскесінің шекаралары көршілес жер учаскесінің шекараларымен қабаттасатынын анықтауы сотқа жүгінуге жиі негіз болады.

Мұндай жағдайларда талап қоюшылар жіберілген бұзушылықтар жерге қатысты құқықтарын тиісінше жүзеге асыруға кедергі келтіреді деп есептеп, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жер учаскелерінің шекараларын белгілеу жөніндегі әрекеттеріне дау айтады.

Сот талқылауы барысында даулы жер учаскелеріне қатысты басқа жер пайдаланушылардың бұрын тіркелген құқықтары немесе олардың орналасқан жері туралы мемлекеттік ақпараттық жүйелерге енгізілген мәліметтер бар екендігі жиі анықталады.

Жер учаскелерінің шекараларын жергілікті жерде белгілеу жұмыстарын жүргізу кезінде олардың нақты орналасуы мен кадастрлық құжаттамада қамтылған мәліметтер арасында сәйкессіздіктер, оның ішінде жер учаскелері шекараларының қабаттасу фактілері анықталады.

Жер-кадастрлық істердің материалдарын зерделеу мұндай даулардың туындау себептерінің бірі жер және құқықтық кадастрлардың мәліметтерін қамтитын жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ЖМБМК АЖ) жер учаскелері туралы мәліметтердің дұрыс енгізілмеуі болып табылатынын көрсетеді.

Атап айтқанда, жер учаскелерінің орналасқан жерін дұрыс айқындамау, олардың координаттары мен бұрылыс нүктелері туралы анық емес мәліметтерді енгізу, бастапқы геодезиялық деректерге тиісті байланыстырудың болмауы, сондай-ақ ЖМБМК АЖ-ның графикалық бөлігінде жер учаскелерін шекаралары қабаттасқан күйде бейнелеу жағдайлары анықталуда.

Аталған мән-жайлар кейіннен жер пайдаланушылардың құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтіріп, сот дауларының туындауына негіз болады. Сонымен қатар әкімшілік істерді қарау барысында жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу, келісу және бекіту кезінде жол берілген бұзушылықтар анықталуда. Атап айтқанда, жер қатынастары бөлімдерінің жер учаскелерінің нақты орналасуын және шектес жер пайдаланушылардың құқықтарын тиісінше ескермей, анық емес немесе жеткілікті дәрежеде тексерілмеген бастапқы деректер негізінде әзірленген жерге орналастыру жобаларын бекіту жағдайлары кездеседі.

Жекелеген жағдайларда үшінші тұлғалардың құқықтары бұрыннан тіркелген аумақтарда жер учаскелерін орналастыруды көздейтін жерге орналастыру жобалары бекітіледі. Мұндай бұзушылықтар жерге орналастыру жұмыстарын тікелей жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіндегі ғана емес, ұсынылған құжаттама негізінде шешім қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшіліктерді де көрсетеді. Жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерін беру туралы шешімдер қабылдауына негіз болатын материалдарды дайындау кезінде жол берілетін бұзушылықтар да ерекше назар аударуды қажет етеді.

Сот практикасында жер комиссияларының қорытындылары жерге орналастыру жұмыстарын жүзеге асыратын жеке ұйымдар дайындаған далалық зерттеп-қарау актілеріне негізделетін жағдайлар кездеседі.

Бұл ретте жекелеген далалық зерттеп-қарау актілерінің тапсырыс беруші жеке тұлғалардың жер учаскелерінің болжамды орналасқан жері туралы ауызша мәліметтері негізінде, олардың дұрыстығын және қолда бар кадастрлық деректерге сәйкестігін жеткілікті дәрежеде тексермей жасалғаны анықталады. Кейіннен аталған материалдар жер учаскелерін беру мәселелерін қарау және тиісті әкімшілік актілерді қабылдау кезінде пайдаланылады. Соның салдарынан жер учаскелері басқа жер пайдаланушылардың бұрын туындаған құқықтары тиісінше ескерілмей берілуі мүмкін, бұл олардың заңды мүдделерінің бұзылуына және сот дауларының туындауына әкеп соғады.

Осылайша, аталған санаттағы істерді қарау кезінде соттар дауланып отырған әкімшілік органдардың шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығын ғана емес, сонымен қатар жер-кадастрлық істерді қалыптастыру мән-жайларын, бастапқы деректердің дұрыстығын, жер учаскелерінің орналасқан жерін айқындаудың негізділігін, сондай-ақ жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу және бекіту тәртібінің сақталуын да зерттеуге мәжбүр болады.

Әкімшілік органдардың жерге орналастыру жобаларын бекіту және жер қатынастары саласында шешімдер қабылдау кезінде жол берген бұзушылықтары анықталған жағдайда, соттар заңнама талаптарының бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған жекеше ұйғарымдар шығарады. Сонымен бірге мұндай жекеше ұйғарымдардың орындалу практикасы әкімшілік органдар қабылдайтын шаралардың ұқсас бұзушылықтардың алдын алу үшін барлық жағдайда жеткілікті бола бермейтінін көрсетеді.

Атап айтқанда, жекелеген жағдайларда әкімшілік органдар бұрын бұзушылықтарға жол берген мамандардың жұмыстан босатылғанын алға тартып, оларға қатысты жеке сипаттағы шараларды қабылдаудың қиындығын көрсетеді. Бұл ретте жекеше ұйғарымдарды орындау көбінесе анықталған бұзушылықтардың себептерін жоюға бағытталған жеткілікті ұйымдастырушылық шаралар қабылданбастан, профилактикалық іс-шаралар, түсіндіру жұмыстары және оқыту семинарларын өткізумен ғана шектеледі. Алайда қаралып отырған даулардың сипаты жүйелі тәсілді талап ететін мәселелердің бар екендігін көрсетеді.

Жер дауларының туындауының негізгі себептерінің бірі мемлекеттік органдар әкімшілік шешімдер қабылдау кезінде пайдаланатын құжаттарды

әзірлеумен тікелей айналысатын жеке ұйымдар орындайтын жерге орналастыру жұмыстары сапасының жеткіліксіздігі деген пікір қалыптасқан.

Шынында да, жер учаскелерінің орналасқан жерін, олардың координаттары мен бұрылыс нүктелерін айқындау, сондай-ақ графикалық материалдарды қалыптастыру кезінде жіберілген қателіктер үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Сонымен бірге мұндай даулардың туындау себептерін тек жеке жерге орналастыру ұйымдары жұмысының сапасыздығымен ғана байланыстыру дұрыс емес деп есептейміз.

Уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан ұсынылған құжаттаманың жеткілікті дәрежеде тексерілмеуі, жерге орналастыру процесіне қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың тиісті деңгейде болмауы, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелерге енгізілетін мәліметтердің дұрыстығына бақылаудың жеткіліксіздігі де елеулі мәнге ие.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Осылайша, қаралып отырған әкімшілік дауларды талдау жер дауларының туындауының негізгі себептерінің бірі жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жер учаскелері туралы мәліметтерді енгізу кезінде жол берілетін бұзушылықтар болып табылатынын көрсетеді.

Жер учаскелерінің орналасқан жерін тиісінше айқындамау, олардың шекаралары мен координаттарын белгілеу кезінде жіберілген қателіктер, анық емес бастапқы деректерді пайдалану, сондай-ақ ұсынылған құжаттаманы тиісті дәрежеде тексермеу жер учаскелері шекараларының қабаттасуына, жер пайдаланушылар арасында даулардың туындауына және кейіннен әкімшілік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне сот тәртібімен дау айтылуына әкеп соғады. Бұл ретте анықталған бұзушылықтар барлық жағдайда жерге орналастыру жұмыстарын жүзеге асыратын жеке ұйымдардың әрекеттерімен ғана байланысты емес екенін атап өткен жөн. Жерге орналастыру құжаттамасын қарау және бекіту кезінде ондағы мәліметтердің дұрыстығын және шектес жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуын тиісті дәрежеде тексеруді барлық жағдайда қамтамасыз ете бермейтін уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі де елеулі рөл атқарады.

Сот талқылаулары барысында анықталатын бұзушылықтар жергілікті атқарушы органдардың, жер қатынастары бөлімдерінің, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының және жерге орналастыру жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдардың өзара іс-қимылын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Осыған байланысты жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу сапасына бақылауды күшейту, жер учаскелерінің орналасқан жері мен шекаралары туралы мәліметтердің қолда бар кадастрлық деректерге сәйкестігін тексеруді қамтамасыз ету, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мән-жайларды тиісінше зерттемей, жерге орналастыру жобаларын бекіту жағдайларына жол бермеу орынды деп санаймыз.

Анықталған бұзушылықтар бойынша соттар шығаратын жекеше ұйғарымдардың орындалу мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Жекеше ұйғарымдарды орындау шеңберінде қабылданатын шаралар профилактикалық әңгімелесулер мен оқыту семинарларын өткізумен ғана шектелмеуге тиіс деп есептейміз. Бұзушылықтардың туындауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау, оларды жою жөнінде нақты шаралар қабылдау, сондай-ақ әкімшілік органдардың алдағы қызметінде осындай бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу қамтамасыз етілуі қажет.

Демек, жер дауларының тиімді алдын алу жерге орналастыру жұмыстарының сапасын арттыруды, кадастрлық мәліметтердің дұрыстығына бақылауды күшейтуді, ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіруді және жер учаскелерін ресімдеу рәсіміне қатысушылардың барлығының жауапкершілігін арттыруды көздейтін кешенді тәсілді талап етеді.

Аталған шараларды іске асыру жер қатынастары саласындағы әкімшілік даулардың санын азайтуға, қабылданатын әкімшілік актілердің заңдылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жер пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиісінше қорғауға ықпал ететін болады.

С. КУСЕМБАЕВА,
Түркістан облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ В АДМИНИСТРАТИВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ



Ұлан ҚАЖЫКЕН,
судья Специализированного межрайонного административного суда г. Алматы

ВВЕДЕНИЕ В ДЕЙСТВИЕ АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРОЦЕДУРНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОЗНАМЕНОВАЛО ПЕРЕХОД К НОВОЙ МОДЕЛИ РАЗРЕШЕНИЯ ПУБЛИЧНО-ПРАВОВЫХ СПОРОВ, ОРИЕНТИРОВАННОЙ НА ЭФФЕКТИВНУЮ ЗАЩИТУ ПРАВ ГРАЖДАН И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ.

Одним из значимых нововведений стала возможность урегулирования административного спора посредством примирительных процедур, что меняет традиционную модель судебного разбирательства. Медиация выступает как самостоятельный способ разрешения публично-правового конфликта.

Анализ судебной практики показал, что в первом полугодии 2026 года в Специализированный межрайонный административный суд г.Алматы поступило 3 902 административных иска против 3 443 за аналогичный период 2025 года. Рост составил 13,3%. При этом количество дел, оконченных примирением, увеличилось с 332 до 399 (10,2%). Таким образом, темп роста количества примирений опережает увеличение общего числа поступивших административных исков.

Особого внимания заслуживает практика медиации по делам, рассматриваемым на государственном языке. Согласно статданным, количество утвержденных соглашений увеличилось с 6 в первом полугодии 2025 года до 373 за аналогичный период 2026 года, что свидетельствует об обеспечении равной доступности примирительных процедур независимо от языка судопроизводства.

Основным инструментом урегулирования споров стала медиация: в первом полугодии 2026 года посредством медиации окончено 398 дел против 328 в 2025 году; в связи с примирением сторон окончено одно дело против четырех годом ранее; соглашений в порядке партисипативной процедуры не заключалось.

Наиболее активно медиация используется по делам об оспаривании действий (бездействия) судебных исполнителей. В первом полугодии 2026 года из 1 563 поступивших дел данной категории примирением окончено 340, тогда как в 2025 году – 279 из 1 363. Иная ситуация наблюдается по спорам с участием административных органов. По земельным спорам в 2026 году из 366 поступивших дел примирением окончено лишь 10 против 18 из 283 в 2025 году. По налоговым спорам – 15 из 297 против 5 из 340 соответственно. Невысокие показатели отмечаются также в сфере государственных услуг – 5 примирений при 116 поступивших дел, здравоохранения – 5 при 66 делах, архитектурной и градостроительной деятельности – 5 при 244 делах. Указанные данные демонстрируют неоднородность практики, при этом одним из основных препятствий остается формальный подход административных органов к участию в судебном процессе. Так, представители государственных органов нередко мотивируют невозможность примирения отсутствием соответствующих полномочий, необходимостью согласования с вышестоящим либо контролирующим органом, ведомственными ограничениями или убеждением, что спор должен разрешаться исключительно судебным решением.

Практика выдачи представителям доверенностей с оговоркой «без права заключения соглашения о примирении» заслуживает отдельного внимания. Такие ограничения фактически исключают возможность медиации еще до рассмотрения обстоятельств конкретного дела. В этой связи, представляется необходимым пересмотреть организационные подходы к представительству госорганов. Вопрос о допустимости примирения должен определяться законодательством и характером спорного правоотношения, обязательной оценкой возможности законного примирения и мотивированным объяснением причин отказа. Такой механизм позволил бы разграничить объективные правовые препятствия и необоснованное нежелание административного органа пересматривать свою позицию.

Правовой основой применения примирительных процедур в значительной части публично-правовых споров выступает административное усмотрение. Предоставляя административному органу возможность выбора одного из нескольких законных решений, законодатель одновременно возлагает на него обязанность действовать в пределах предоставленных полномочий, с соблюдением принципов законности, соразмерности и защиты прав участников административной процедуры. Если орган вправе изменить ранее принятое решение, повторно рассмотреть заявление, совершить определенное действие либо устранить процедурное нарушение, возникает правовое пространство для переговорного урегулирования спора.

Вместе с тем, административное усмотрение не означает произвольного распоряжения публичными полномочиями. Применение примирительных процедур должно отвечать следующим основным критериям:



1. Наличие законных оснований для изменения спорного решения либо совершения соответствующего административного действия.

2. Возможность полного или частичного устранения нарушения.

3. Отсутствие законодательного запрета на согласованный сторонами способ разрешения спора.

4. Соблюдение прав и законных интересов третьих лиц.

5. Определенность и реальная исполнимость условий соглашения.

Особенно важно учитывать данные критерии при рассмотрении земельных и налоговых споров. Так, установленная законодательством процедура предоставления земельных участков не всегда позволяет административному органу непосредственно удовлетворить требование заявителя посредством соглашения. Однако это не исключает возможности повторного рассмотрения заявления, устранения процедурных нарушений либо совершения иных предусмотренных законом действий.

Аналогичный подход применим к налоговым спорам. Принципы обязательности и определенности налогообложения исключают произвольное изменение налоговых обязательств, но не препятствуют урегулированию спора в пределах полномочий, предоставленных налоговым законодательством. Следовательно, допустимость

примирения должна определяться не формальной принадлежностью дела к определенной категории, а конкретными обстоятельствами спора и правовыми возможностями адморгана.

Важная роль в развитии примирительных процедур принадлежит суду. Предварительное слушание позволяет определить предмет спора, выяснить позиции участников процесса, выявить возможность устранения нарушения и предложить сторонам рассмотреть перспективы примирения. Однако процессуальная активность суда не должна подменяет добровольность соглашения. Задача суда заключается в создании условий для законного урегулирования конфликта, разъяснении процессуальных последствий и проверке допустимости достигнутых договоренностей.

Дальнейшее развитие примирительных процедур требует изменения организационных подходов госорганов к участию в административном судопроизводстве. Представляется целесообразным:

1. Ввести обязательную предварительную оценку возможности примирения по каждому административному спору с фиксацией позиции государственного органа.

2. Предусмотреть мотивированное обоснование отказа от примирения, в том числе указание конкретных правовых препятствий, исключающих заключение соглашения.

3. Пересмотреть порядок оформления полномочий представителей, исключив необоснованные ограничения на участие в примирительных процедурах.

4. Разработать типовые рекомендации и условия соглашений по наиболее распространенным категориям административных споров с учетом особенностей публично-правовых отношений.

5. Совершенствовать процессуальные механизмы примирения, включая возможность частичного урегулирования требований и предоставления разумного срока для согласования условий соглашения при наличии реальных перспектив его заключения.

6. Обеспечить последующий анализ исполнения соглашений, причин их неисполнения, отмены и возникновения повторных судебных споров.

Важное значение имеет повышение квалификации работников юридических служб государственных органов по вопросам административного усмотрения и применения ст. 120 АППК.

Касательно процессуальных сроков: на практике согласование условий соглашения внутри государственного органа может потребовать дополнительного времени, поэтому требуется совершенствование процессуальных инструментов, позволяющих суду учитывать реальную перспективу примирения, одновременно исключая использование переговоров для необоснованного затягивания рассмотрения дела.

Анализ судебной практики свидетельствует о востребованности примирительных процедур в административном судопроизводстве. Положительная динамика первого полугодия 2026 года подтверждает их потенциал как эффективного механизма разрешения публично-правовых споров. Сохраняющаяся неравномерность медиации показывает, что дальнейшее развитие данного института зависит не столько от расширения законодательных возможностей, сколько от изменения правоприменительных подходов госорганов.

Главным критерием эффективности административной юстиции должно выступать не количество вынесенных судебных решений или утвержденных соглашений, а реальное и своевременное восстановление нарушенных прав. Необходимо способствовать формированию правоприменительной практики, при которой государственный орган рассматривает законное урегулирование спора как надлежащий способ исполнения своих обязанностей, что будет соответствовать реализации модели «слышащего государства», всестороннему обеспечению прав и свобод граждан и бизнеса.

ОТАНДЫҚ ЗАҢНАМАНЫҢ ДАМУЫ



Ж. МУХАМЕТОВА,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ ОЙШЫЛ, ЖЫРАУ, ҚОБЫЗШЫ ҚОРҚЫТ БАБАМЫЗДЫҢ: «ӨТКЕН КҮН, КЕШЕ – ТАРИХ, КЕЛЕР КҮН, ЕРТЕҢ – СЫР, АЛ БҮГІНГІ КҮН – ҮЛКЕН СЫЙ» ДЕГЕН ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ СӨЗІ БАР. СОЛ АЙТПАҚШЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АЛАҢЫНДА ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ ПАЙДА БОЛЫП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕНІ КҮНІ КЕШЕ ЕДІ, БИЫЛ БЕС ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы ең маңызды реформалардың біріне айналды. Әкімшілік сот ісін жүргізудің дамуы кеңестік дәстүрден басталып, сот төрелігінің дербес саласы ретінде қалыптасуға дейінгі жолдан өтті. Бұл – отандық заңнаманың дамуындағы маңызды кезең.

Сот ісін жүргізудің жаңа түрінің енгізілуі және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы азаматтар мен бизнес құқықтарын қорғаудың нақты тетігін қалыптастырып, заң мен тәртіпті нығайту саясатының бір бөлігіне айналды. Реформаның тиімділігін статистика да дәлелдейді. Егер Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ӘРПК) енгізілгенге дейін азаматтар мемлекетпен дауларда тек 15% жағдайда ғана жеңіске жетсе, жаңа соттар жұмыс істеген жылдары бұл көрсеткіш 60%-ға дейін өсті.

Мемлекеттік қызметтердің сапалы әрі заң талаптарына сәйкес көрсетілуі – азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі. Бұл ретте мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің заңдылығы ғана емес, оған қол жеткізу барысында әкімшілік рәсімдердің тиісті деңгейде сақталуы да ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы Конституцияға негізделеді, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңнан, ӘРПК және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Көрсетілетін қызметті алушыларға сапалы мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетілуін қамтамасыз

ету мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаты болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әкімшілік орган жеке немесе заңды тұлғаның өтінішін қарап, оның құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешім қабылдайды. Мұндай шешім әкімшілік актінің белгілеріне сәйкес келген жағдайда, оны қабылдау процесінде ӘРПК-де белгіленген әкімшілік рәсімдердің талаптары сақталуға тиіс.

Әкімшілік рәсімдердің негізгі мақсаты – мемлекеттік орган мен азамат арасындағы қатынастарда құқықтық айқындықты қамтамасыз ету, негізсіз шешімдер қабылдауға жол бермеу және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау.

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтің 1500-ден аса түрі бар. Оның ішінде жекеленген қызметтерге тоқтап кететін болсақ жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету. Бұл қатынастар Жер кодексімен және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидалармен реттеледі. Бұл қызметтің ішінде 21 мемлекеттік қызмет түрі көзделген.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудан бас тартуға байланысты даулар Әлеуметтік кодекспен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларымен реттеледі.

Бұл тек екі қызмет түріне қатысты қағидалар. Осы қағидаларда ӘРПК-нің талаптарына сәйкес азаматтарды тыңдалу құқығы көзделген. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жиі кездесетін мәселелердің бірі – әкімшілік рәсімге қатысушының тыңдалу құқығының сақталмауы. ӘРПК-нің 73-бабында әкімшілік органның әкімшілік акт қабылданғанға дейін әкімшілік рәсімге қатысушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру міндеті көзделген. Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті, бұл туралы әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала, бірақ әкімшілік акт қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Бұл талап, әсіресе, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдау кезінде маңызды. Мысалы, азамат жер учаскесін беру, тұрғын үй кезегіне қою, әлеуметтік төлем тағайындау немесе құрылыс саласында белгілі бір рұқсат құжатын алу жөнінде өтініш берген жағдайда, әкімшілік орган бас тарту туралы шешім қабылдаудан бұрын, заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, оған өз дәлелдерін ұсынуға мүмкіндік беруге тиіс.

Тыңдау рәсімі азаматтың пікірін формальды түрде сұраумен шектелмейді. Әкімшілік орган ұсынылған түсініктемелер мен құжаттарды объективті бағалап, олардың қабылданатын шешімге ықпалын қарастыруы қажет. Тыңдалу құқығының қамтамасыз етілмеуі әкімшілік актінің бұзылуына алып келеді.

ӘРПК-тің тлаптарына сәйкес, тыңдалым әкімшілік орган, лауазымды адам басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғамайтын қолайлы әкімшілік актіні қабылдайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін бес жұмыс күнінен аз мерзім белгіленген, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын, қоғамдық және (немесе) мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында әкімшілік актіні дереу қабылдау талап етілетін, әкімшілік рәсімге қатысушы бұл туралы өтінішхат берген, оңайлатылған әкімшілік рәсім жүзеге асырылатын, әкімшілік іс бойынша шешім автоматтандырылған процесті жүзеге асыру кезінде қабылданатын, әкімшілік рәсімге қатысушыға қатысты шығарылған, белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу талап етілетін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы немесе әкімшілік рәсімге қатысушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылуына негіз болған заңды күшіне енген сот актісі болған жағдайларда жүргізілмейді.

Әкімшілік әділет институтының енгізілуі мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы жария-құқықтық дауларды қарауға жаңа көзқарас қалыптастырды. Әкімшілік сот ісін жүргізу барысында сот мемлекеттік орган қабылдаған шешімнің

материалдық құқық нормаларына сәйкестігін ғана емес, әкімшілік рәсімдердің сақталуын да тексереді. Атап айтқанда, әкімшілік органның құзыреті, істің мән-жайларын зерттеу толықтығы, тыңдалу құқығының қамтамасыз етілуі, қабылданған шешімнің негізділігі және әкімшілік қалаудың заңды жүзеге асырылуы құқықтық бағалаудың маңызды элементтері болып табылады.

ӘРПК-нің 129-бабында дау айту жөніндегі талап қою бойынша дәлелдеу ауыртпалығын бөлу ерекшеліктері көзделген. Бұл мемлекеттік органның өз шешімінің заңдылығын негіздеу жауапкершілігін күшейтеді. Сот бақылауының мақсаты тек заңсыз әкімшілік актілерді жоюмен шектелмейді. Ол мемлекеттік органдардың құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге, қайталанатын құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімін арттыруға бағытталған.

2024 жылғы 21 қарашадағы заңмен ӘРПК-де жаңа міндет пен қағидат – әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігі бекітілді. ӘРПК-нің 15-1-бабында бірдей құқықтық жағдайларда әкімшілік органдар әртүрлі шешімдер қабылдамауы тиіс екені көзделген.

Әкімшілік органдар мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде бұл қағидатты қатаң сақтауы тиіс. Осыған байланысты Қзақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 111 қаулысымен Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілген. Бұл қағида, ӘРПК 15-1-бабына сәйкес әзірленген және әкімшілік актілер мен әкімшілік практиканы қамтитын әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Әкімшілік практиканың біркелкілігі деп ӘРПК-нің 15-1-бабына сәйкес қолданылған әкімшілік рәсімдерді және құқық қолдануда жүйелілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін осыған ұқсас мәселелер бойынша бұрын қабылданған әкімшілік актілерді ескере отырып, әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың құқық нормалары мен құқықтық қағидаттарға сәйкес келетін шешімдер қабылдау жөніндегі іс-әрекеттері.

Сот тәжірибесінде, жер қатынастарынан туындайтын дауларды қарау кезінде әкімшілік органдар жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде бірдей мәсле бойынша екі түрлі шешімдер қабылдап жатады. Мысалы, Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бір аймақта орналасқан жер учаскесіне екі азаматқа әр түрлі шешімдерді қабылдауы.

Әкімшілік практиканың біркелкілігін қалыптастырудың мақсаттары құқықтық айқындылықты нығайту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, әкімшілік рәсімдерді оңайлату мен оңтайландыру, сондай-ақ әкімшілік органдарға деген сенімді арттыру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде әкімшілік рәсімдердің сақталуы – жай ғана рәсімдік талап емес, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың маңызды құқықтық кепілі. Мемлекеттік орган қабылдаған шешімнің заңдылығы оның түпкілікті нәтижесімен ғана емес, сол шешімге келу барысында сақталған рәсімдердің әділдігімен де айқындалады.

Тәжірибеде әкімшілік сот судьясы заңның талаптары сақталуын формалды түрде тексеріп қана қоймай, мемлекеттік орган шешімінің қаншалықты әділ, мөлшерлес, әрі орынды болғанын бағалайды. Егер заңнамада түсініксіздік немесе қайшылықтар анықталса, сот оларды азаматтың немесе ұйымның пайдасына қарай түсіндіруі тиіс.

Қазақстан Республикасында әкімшілік әділеттің бес жылдық тәжірибесі ӘРПК реформасының азаматтар мен бизнестің мемлекетпен дауларындағы құқықтарын сот арқылы қорғау саласындағы ең маңызды өзгерістердің бірі болғанын көрсетеді. Бұл реформалардың басты нәтижесі – азаматтар мен бизнес құқықтарын қорғау кепілдіктерінің нақты күшеюі. Мұны соттың белсенді рөліне және дәлелдеу міндетінің әкімшілік органға жүктелуіне негізделген процестің логикасының өзгеруі, сондай-ақ азаматтар мен бизнестің пайдасына аяқталған істер үлесінің өсуін көрсететін статистикалық көрсеткіштерде дәлелдейді.

Әкімшілік әділет жария-құқықтық салада заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етудің тиімді тетігі екенін дәлелдеді. Әкімшілік сот ісін жүргізуді одан әрі жетілдіру құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуда және қоғамның сот билігіне деген сенімін арттыруда шешуші маңызға ие болады.

Әкімшілік рәсімдердің басты құндылығы – азаматты мемлекеттік басқарудың объектісі ретінде емес, құқықтары мен заңды мүдделері қорғалуға тиіс әкімшілік құқықтық қатынастардың тең құқықтық қорғалатын қатысушысы ретінде тану. Осы тұрғыдан алғанда, ӘРПК талаптарын мүлтіксіз сақтау мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға, әкімшілік даулардың алдын алуға және мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға ықпал етеді.

КОНСТИТУЦИЯСЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ СОТЫ ПӘРМЕНДІ

РИМНІҢ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ МАРК ЦИЦЕРОННЫҢ: «БІЗ ЗАҢНЫҢ ҚҰЛЫ БОЛҒАНДЫҚТАН ҒАНА ЕРКІН БОЛА АЛАМЫЗ» ДЕГЕН ЕРЕКШЕ ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ СӨЗІ БАР. ШЫНЫНДА ДА ЗАҢ КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ, ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ, ДАМУЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ КЕПІЛІ. ӨЗ АЛДЫНА МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП, ІРГЕСІН БЕКІТКЕН, БОЛАШАҒЫНА БАҒДАР БЕЛГІЛЕГЕН ЕЛДЕРДІҢ БӘРІ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫН ӨЗ КОНСТИТУЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАУДАН БАСТАЙДЫ.



Айнұр ДЖУНДИБАЕВА,
Ақтөбе облысы
Қарғалы аудандық сотының судьясы

Қазақстан Республикасы да тәуелсіздігін алған сәттен азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғайтын Ата Заңын сапалы дайындауға басымдық берді. Соның нәтижесінде 1995 жылы бүкіл халықтың таңдауымен қолданысқа енгізілген Конституция отыз жыл бойы ел өркендеуінің негізгі өлшеміне айналды.

Уақыт көші бір орында тұрмайды. Қоғамның өзгеруі, әлемдегі үрдістердің жаңаруы, жаңа сын-қатерлердің туындауы Конституцияға да өз өрнегін салып, заманауи қажеттіліктерге сай құқықтық ізденістер жасау міндетін алға шығарды. Конституция – мемлекеттің құқықтық жүйесінің іргетасы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты тірегі. Қоғамның тұрақты дамуы, заң үстемдігінің қамтамасыз етілуі және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімі ең алдымен Ата Заңда бекітілген құқықтық қағидаттарға байланысты болғандықтан, заман талабына жауап беретін жаңа Конституцияны дайындау жұмысына айрықша мән берілгені белгілі.

Жаңа Конституцияны дайындау міндеті жүктелген жұмыс тобының еңбегі ерен. Еліміздегі құзырлы орган жетекшілерінен, ғалымдар мен заңгерлерден, азаматтық қоғам өкілдері мен жетекші сарапшылардан құралған жұмыс тобы Конституциядағы әр баптың сапалы түзілуіне терең мән берді. Шетелдегі озық заң үлгілерін назарға ала отырып, құқықтық тетіктердің халықтың менталитеті мен сұранысына сай болуына маңыз берді. Ең бастысы, Конституцияда көрініс тапқан кез келген бап, жаңа өзгеріс көпшілік талқысына салынып, азаматтар арасында үлкен қызығушылықпен зерделенді.

Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауда парламентті реформалау туралы ұсынысын жариялағанынан бастап Конституцияның жаңа редакциясын талқылау жарты жыл бойы жалғасты. Азаматтардан түскен ұсыныстар мен пікірлер e-Otinish және eGov платформалары арқылы жұмыс тобына жолданды. Кіріспе мен 11 бөлім, 95 баптан тұратын жаңа Конституция жобасы ресми түрде таныстырылғаннан кейін түрлі дөңгелек үстелдерде құзырлы орган өкілдері, заңгерлер мен үкіметтік емес ұйым мүшелері тарапынан зерделеніп, көпшіліктің пікірі мен ескертпелері жұмыс тобының назарына жеткізілді.

Талқылау барысында азаматтық қоғам өкілдерінен мыңнан аса ұсыныс пен пікір түскен болатын. Осындай жан-жақты зерделеу барысында көпшілік арасында мемлекеттік тіл мәртебесі, некенің ерікті одақ екендігі, ер мен әйелдің теңдігі, вице-президент институты, адвокатура бабы және «Миранда» ережесі сияқты жаңалықтар қызу талқыға түсті. Азаматтардың лебізін ескере отырып жоба айтарлықтай пысықталып, кейбір баптар нақтыланып, Конституцияның негізгі мәтіні бүкілхалықтық референдумда Республика халқының талқысына салынды.

2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдум нәтижесінде дауыс бергендердің 87 пайыздан астамы жаңа Ата Заңды қолдады. Осылайша Қазақстан халқы өз таңдауын жасап, жаңа Конституция 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Осы тарихи сәт туралы өзінің жүрекжарды лебізінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Конституция – мемлекетіміздің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат. Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Жаңа Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі» деді.

Жаңа Конституция елдің конституциялық дамуының соны кезеңін айқындады. Бұл құжатта адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және сот билігінің тәуелсіздігін нығайту мәселелері басты бағдар ретінде бекітілді. Әсіресе, заң үстемдігін орнықтыру, сот мәртебесін айшықтау тетігі тыңғылықты дәйектелген. Өйткені, халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай Конституциясы мықты елдің соты пәрменді болатыны еш талас тудырмайды.

Жаңа Конституцияның 76-бабында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны, сот билігі азаматтардың, жеке тұлғалар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталғаны» көрсетілді. Мұндай норманың қарастырылуы тегін емес. Бұл соттың мемлекеттік билік жүйесіндегі ерекше орнын айқындап, соттың заң бұзушылыққа құқықтық баға

беретін орган ғана емес, азаматтардың бұзылған құқығын қалпына келтіретін, заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз ететін негізгі институт екенін айшықтайды.

Жаңа Конституцияның 78-бабында көрсетілгендей судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз. Қазылар тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Дәл осы талапты барша халыққа түсіндіріп, мәнін ұғындыру кезек күттірмейді. Себебі бүгінгідей әлеуметтік желінің белсенділігі артқан заманда соттың құзыретін өз қолына алып, дауларға сырттай баға беретін, сот жұмысына ықпал етуге тырысатын жандардың көбейгені шындық. Кейбір азаматтар заңды білмегендіктен, немесе біле тұрып өзіне қандай да бір артықшылық алу үшін заңды бұрмалайтыны, сот ісінің тәртіпке сай таразылануына қолдан кедергі келтіруге тырысатыны байқалады. Бұл заңға қайшы. Сот – әділ төрелік жасалатын мәртебелі орын. Кез келген дау әлеуметтік желінің алаңында емес, сот залында талқыланып, заңды шешімі шығуы тиіс.

Сот қызметіне араласуға жол берілмейді. Мұндай әрекеттер заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын да халыққа ескерту артықтық етпейді. Сонымен қатар судья нақты істер бойынша есеп беруге міндетті емес.

Заң алдында бәрі тең. Бұл қашаннан келе жатқан өзгермейтін қағида. Соған сәйкес судья істі қарау барысында тараптардың лауазымына, әлеуметтік жағдайына, қоғамдық пікірге немесе сыртқы ықпалға қарамастан, тек заң мен зерттелген дәлелдемелерге сүйеніп шешім қабылдауға тиіс. Ал таразысы тең тартпаған, тараптардың біріне бүйрегі бұрып, заңды бұрмалаған судьяға сот саласында орын жоқ. Бір судьяның қателігі бүкіл сот құрылымының беделіне, барша сот қауымдастығының бет-бейнесі көлеңке түсіріп, абыройын төмендететінін әрбір судья қаперінен шығармауы міндет.

Жаңа Конституцияның 78-бабында сот төрелігін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алынатын көптеген маңызды қағидаттар нақтыланған. Соның ішінде әркімнің сотта тыңдалу құқығы, айыпталушының өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті еместігі, адамның кінәлілігіне қатысты күмәннің айыпталушының пайдасына түсіндірілуі, заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күшінің болмайтыны, ешкімнің тек өз мойындауы негізінде сотталмауы, қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейтіні бекітіліп отыр. Мұндай кепілдіктердің рет-ретімен дәйектелуі сот талқылауының әділдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың процессуалдық құқықтарын мінсіз қорғауға негіз қалайтыны ақиқат.

Жаңа Конституцияның 79-бабы соттарға адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын бұзатын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға тыйым салады. Мұндай механизмнің қамтылуы азаматтардың құқығын әділ қорғауға жағдай туғызады. Ал Ата Заңның 80-бабында соттардың тұрақты судьялардан тұратыны және олардың тәуелсіздігі Конституция мен заң арқылы қорғалатыны нақты көзделген. Соның ішінде судья өкілеттігін тоқтату немесе тоқтата тұрудың тек заңда көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылатыны да үшінші билік мәртебесінің биіктігін айғақтайды. Бұл жерде судьяға қатысты ұстау, күзетпен ұстау, мәжбүрлеп әкелу, сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдану және қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері тек арнайы конституциялық тәртіп аясында жүзеге асатынын қаперден шығармау керек. Осындай тегеурінді кепілдіктердің ел Конституциясында көрініс табуы судьяларды заңсыз қысымнан қорғауға және сот билігінің институционалдық дербестігін қамтамасыз етуге жол ашады.

Конституцияның маңызы оның заңдық мәртебесімен ғана шектелмейді. Бас құжаттың негізгі артықшылығы – адам мен оның құқықтарын мемлекеттің басты құндылығы ретінде тануында. Ал тәуелсіз елдің тұғырын биіктетіп, дербестігін бекіткен Ата Заңды құрметтеу – ең алдымен өзіңді, өзің өмір сүріп отырған мемлекет пен оның заңдарын құрметтеу. Осы ретте әділ сот – құқықтық мемлекеттің тірегі, ал Конституция – сол әділдіктің берік құқықтық негізі десек ақиқаттан алыстамаймыз.

КОГДА ПРАВОСУДИЕ ВЫХОДИТ ЗА ПРЕДЕЛЫ ОДНОГО ГОСУДАРСТВА

СОВРЕМЕННЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДАВНО ПЕРЕСТАЛИ ОГРАНИЧИВАТЬСЯ ГРАНИЦАМИ ОДНОГО ГОСУДАРСТВА. КАЗАХСТАНСКИЕ КОМПАНИИ ЗАКЛЮЧАЮТ ДОГОВОРЫ С ИНОСТРАННЫМИ ПАРТНЕРАМИ, УЧАСТВУЮТ В МЕЖДУНАРОДНОЙ ТОРГОВЛЕ, ПРИОБРЕТАЮТ ТОВАРЫ И УСЛУГИ ЗА РУБЕЖОМ. ВМЕСТЕ С РАЗВИТИЕМ ТАКИХ СВЯЗЕЙ ЗАКОНОМЕРНО ВОЗРАСТАЕТ И КОЛИЧЕСТВО СУДЕБНЫХ СПОРОВ С ИНОСТРАННЫМ ЭЛЕМЕНТОМ.

Но если одна из сторон судебного процесса находится за пределами Республики Казахстан, перед судом возникают дополнительные процессуальные задачи. Необходимо надлежащим образом известить иностранного участника, вручить ему судебные документы, получить доказательства или совершить иное процессуальное действие на территории другого государства. Именно в таких случаях одним из важнейших инструментов становится международная правовая помощь.

Специализированным межрайонным экономическим судом города Алматы проведен анализ практики оказания международной правовой помощи за 2025 год и первое полугодие 2026 года. Целью анализа стало изучение практики исполнения международных судебных поручений, соблюдения установленных сроков и выявление вопросов, которые наиболее часто возникают при взаимодействии судов разных государств.

Международная правовая помощь – это не просто направление корреспонденции за рубеж. Это установленный законом и международными договорами механизм взаимодействия компетентных органов государств.

Согласно ст. 476 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан, суды оказывают правовую помощь в объеме, предусмотренном национальным законодательством и (или) международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан. Она может включать вручение судебных извещений и иных документов, заслушивание сторон и свидетелей, проведение экспертиз, осмотров и совершение других процессуальных действий.

На практике именно точное соблюдение установленной процедуры приобретает принципиальное значение. При подготовке каждого международного поручения суду необходимо определить, какой международный договор применяется в отношениях с конкретным государством, через какой компетентный орган должны направляться документы, на каком языке они должны быть составлены, требуется ли перевод и какие сроки предусмотрены для направления поручения.

Таким образом, международное судебное поручение требует особенно внимательной процессуальной подготовки. Даже, казалось бы, формальный недостаток – отсутствие необходимого перевода, приложения, подписи, печати либо несоблюдение установленного порядка направления – способен привести к возврату материалов и, как следствие, повлиять на сроки рассмотрения самого судебного дела.



Практика судов города Алматы показывает широкую географию международного правового сотрудничества. Суды взаимодействуют с компетентными органами Российской Федерации, Кыргызской Республики, Республики Узбекистан, Турции, Германии, Китая, ОАЭ, Беларуси, Великобритании, Кипра, США, стран Европейского союза и других государств. Наибольшее количество иностранных судебных поручений поступает из России, Турции, Беларуси, Германии, Китая, Узбекистана и Кыргызстана.

Статистические данные СМЭС города Алматы наглядно показывают масштаб такой работы.

В 2025 году в суд поступило 221 международное судебное поручение. Из них 81 исполнено, 129 возвращено без исполнения.

За первое полугодие 2026 года поступило еще 106 международных поручений, из которых исполнено 45, возвращено без исполнения 48.

При этом наблюдается положительная динамика: доля возвращенных без исполнения поручений снизилась, а доля исполненных – увеличилась.

Положительные изменения заметны и в работе суда по направлению собственных поручений иностранным государствам.

В течение 2025 года СМЭС города Алматы направил 38 таких поручений, из которых 14 были возвращены Департаментом для устранения недостатков. За первое полугодие 2026 года судом направлено уже 34 поручения, при этом возвращено семь.

Иными словами, при существенном росте объема международного судебного взаимодействия доля возвращенных для доработки материалов снизилась с 36,8 до 20,6%. Это свидетельствует о повышении качества подготовки документов.

НЕ КАЖДЫЙ ВОЗВРАТ ГОВОРИТ ОБ ОШИБКЕ СУДА

Вместе с тем при оценке статистики необходимо учитывать причины возврата поручений. Факт возвращения иностранного поручения без исполнения еще не означает наличие недостатков в работе суда.

Например, при исполнении одного из поручений Арбитражного суда г.Москвы было установлено отсутствие юридического лица по зарегистрированному адресу. Судом был составлен соответствующий акт, после чего материалы возвращены без исполнения.

В другом случае из иностранного суда поступило поручение о вручении документов, однако сами документы, которые должны были быть переданы адресату, в корреспонденции отсутствовали. Очевидно, что выполнить такое поручение фактически невозможно.

Поэтому при анализе международной правовой помощи важно разделять случаи, когда испол-

нение невозможно по объективным причинам, и ситуации, когда возврат обусловлен недостатками оформления или организации работы.

Если суд принял все предусмотренные меры, установил невозможность исполнения, надлежащим образом зафиксировал это обстоятельство и своевременно направил материалы компетентному органу, возврат поручения не может рассматриваться как показатель ненадлежащей работы суда.

Еще один важный вопрос касается порядка направления международных поручений.

На практике встречались случаи, когда участник иностранного судебного процесса самостоятельно пытался направить в казахстанский суд документы, оформленные как поручение об оказании международной правовой помощи.

Однако международная правовая помощь представляет собой прежде всего взаимодействие компетентных органов государств. Участник процесса не может заменить иностранный суд или иной уполномоченный орган и самостоятельно изменить установленный международным договором порядок направления поручения.

Непосредственное взаимодействие допускается лишь тогда, когда такая возможность прямо предусмотрена соответствующим международным соглашением.

Именно соблюдение этой процедуры обеспечивает юридическую определенность и гарантирует, что процессуальные действия, совершенные на территории другого государства, будут обладать необходимой юридической силой.

Главное – своевременность и качество. Проведенный анализ позволяет выделить несколько наиболее актуальных вопросов.

К ним относятся правильное определение применимого международного договора, соблюдение формы судебного поручения, наличие всех необходимых приложений и надлежащего перевода, правильное определение компетентного органа, соблюдение порядка сношений между государствами и своевременное направление документов.

Не менее важен контроль сроков. Причем он не должен завершаться в момент совершения процессуального действия. Международное поручение можно считать фактически исполненным только тогда, когда необходимые документы оформлены и своевременно направлены соответствующему компетентному органу.

Особую роль здесь играет согласованная работа судьи и аппарата суда – от момента регистрации поручения до направления окончательных результатов его исполнения.

Сегодня международная правовая помощь уже нельзя рассматривать как редкое исключение из обычной судебной практики. Для экономических судов она является повседневным рабочим механизмом.

Только за первое полугодие 2026 года СМЭС г. Алматы направил практически столько же международных поручений, сколько за весь предыдущий год: 34 против 38. Это отражает объективное увеличение числа экономических отношений с иностранным элементом и одновременно повышает требования к качеству судебного администрирования.

За каждой статистической единицей в данном случае стоит конкретное судебное дело, права его участников и необходимость обеспечить рассмотрение спора в разумный срок.

Поэтому качественное международное судебное взаимодействие – это не только выполнение формальных требований международного договора. В конечном счете речь идет об обеспечении права на судебную защиту независимо от того, в каком государстве находится участник процесса.

Результаты проведенного анализа свидетельствуют об улучшении организации работы СМЭС города Алматы в сфере международной правовой помощи, в частности о повышении качества подготовки исходящих поручений и сокращении доли возвратов. Вместе с тем рост числа международных поручений требует дальнейшего совершенствования внутреннего контроля, своевременной подготовки документов и единообразного применения международных процедур.

Эффективная международная правовая помощь сегодня является одним из необходимых условий современного правосудия. Чем точнее соблюдены установленные процедуры и чем быстрее взаимодействуют компетентные органы разных государств, тем эффективнее обеспечивается судебная защита участников трансграничных экономических отношений.

Гульнар САТБАЕВА,
судья Специализированного межрайонного экономического суда г. Алматы

СОТ ҒИМАРАТТАРЫНА КІРІП-ШЫҒУ ТӘРТІБІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТ БИЛІГІ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТТЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СОТТАРДЫҢ ҚАЛЫПТЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҮШІН СОТ ҒИМАРАТТАРЫНДА АРНАЙЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ОБЪЕКТІЛІК РЕЖИМ БЕЛГІЛЕНГЕН. БҰЛ ТАЛАПТАР СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ КЕДЕРГІСІЗ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНА, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ САҚТАЛУЫНА ЖӘНЕ СОТҚА КЕЛУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.



Конституцияға сәйкес, Қазақстанда сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Осы конституциялық қағиданы қамтамасыз ету үшін сот ғимараттарында қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау ерекше маңызға ие. Сот қызметіне қандай да бір кедергі келтіру, сотқа қысым жасау немесе сот тәртібін бұзу заңмен қудаланады. Сондықтан, сот ғимараттарындағы өткізу режимі мемлекеттің құқықтық тәртібін қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті және оның аумақтық бөлімшелері сот ғимараттарында өткізу және объектілік режимді ұйымдастырады. Бұл режимнің негізгі мақсаты: соттардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету; терроризм мен құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу; сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау; қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету; сот мүлкінің сақталуын қорғау.

Сот ғимараттарына кіру кезінде азаматтар жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсетуге міндетті. Сонымен қатар арнайы техникалық бақылаудан өту қарастырылған. Күзет қызметкерлері мен сот приставтарының заңды талаптарын орындау барлық келушілер үшін міндетті болып табылады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» заңға, сондай-ақ, «Құқық қорғау қызметі туралы» заңнамаларға сәйкес, сот приставтары соттағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Олардың негізгі міндетіне сот отырыстары кезінде тәртіп сақтау, судьялар мен сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сот ғимаратына кіріп-шығуды бақылау, тыйым салынған заттардың кіргізілуіне жол бермеу, құқық бұзушылықтардың алдын алу кіреді.

Сот приставының заңды талабына бағынбау ел заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады. Сот ғимаратына атыс қаруын, суық қаруды, жарылғыш заттарды, улы немесе тез тұтанғыш заттарды, алкогольдік ішімдіктерді, қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін өзге де заттарды алып кіруге тыйым салынады. Бұл талаптар «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңына және қауіпсіздік талаптарына сәйкес белгіленген. Сот ғимаратында әрбір азамат қоғамдық тәртіпті сақтауға, әдеп нормаларын ұстануға, сот жұмысына кедергі келтірмеуге, сот қызметкерлеріне құрметпен қарауға міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, сотқа құрметтемеушілік білдіру әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Оған сот отырысында тәртіп бұзу, судьяның өкіміне бағынбау, балағат сөздер айту, соттың қалыпты жұмысына кедергі келтіру әрекеттері жатады. Мұндай әрекеттер үшін айыппұл немесе әкімшілік қамаққа алу жазасы көзделуі мүмкін.

Қылмыстық кодексте сот төрелігіне қарсы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық қарастырылған. Атап айтқанда, сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі келтіру, сотқа қысым көрсету, судьяның қызметіне араласу, сот процесіне қатысушыларға қауіп төндіру, терроризм немесе зорлық әрекеттері арқылы сот қызметін бұзу қылмыстық жауаптылыққа жатады. Бұл нормалар сот тәуелсіздігін және заң үстемдігін қорғауға бағытталған.

Сондай-ақ, сот ғимаратында фото, дыбыс және бейнетүсірілім жүргізу Қазақстан Республикасының процестік заңнамаларына және соттың ішкі тәртіп қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Кей жағдайларда соттың рұқсатынсыз түсірілім жасауға жол берілмейді. Бұл талаптар сот процесіне қатысушылардың құқығын қорғау, құпия ақпараттың таралуына жол бермеу, сот тәртібін сақтау мақсатында енгізілген. Сот ғимараттарына келушілер белгіленген өткізу тәртібін сақтауға, қауіпсіздік тексерісінен өтуге, күзет және сот приставтарының заңды талаптарын орындауға, қоғамдық тәртіпті бұзбауға міндетті. Заң талаптарын сақтау – тек міндет қана емес, құқықтық мәдениеттің көрсеткіші болып табылады.

Сот ғимараттарындағы өткізу және объектілік режим – азаматтардың құқықтарын қорғауға, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған маңызды құқықтық механизм. Мұндағы тәртіпті сақтау – әрбір азаматтың заң алдындағы жауапкершілігі мен құқықтық санасының көрінісі. Заң талаптарын құрметтеу арқылы ғана қоғамда әділдік, тәртіп және құқық үстемдігі нығая түседі.

А. МАКУЛОВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істер жөніндегі сотының бас маманы

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Жазылу индексі:
75849

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының пікірлеріредакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 15.11.2026 ж. жіберілді. Басуға 18.11.2026 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 11. Таралым 1900.
Журнал айына бір рет жарық көреді.
Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Жазылу индексі: 75849

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 747 995 6347

Жарнама мәселелері бойынша телефондар:
+7 708 929 9874

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления подписки и издания:
8 747 995 6347

Телефоны для рекламы:
+7 708 929 9874

E-mail: **zanreklama@mail.ru**